

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Жаңа заң БАҚ-тың бағын еселей ме?

Осыдан біраз бұрын «Масс медиа» туралы заң жобасы талқылауға ұсынылған болатын. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің арасында біраз пікір тудырған заң журналистердің бірін қуантса, бірі, тіпті наразылығын да білдірді. Әлбетте, ескертулер мен ұсыныстардың барлығы болашақта ескерілетіні мәлім. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева болса, жаңа заң қабылданатын кез келгенін айтып, себептерін де түсіндірді. Бәрі – журналист игілігі үшін. Осы және өзге де мәселелер туралы Орталық коммуникациялар қызметінің алаңында өткен баспасөз мәслихатында журналистермен ашық пікір алмасқан министр олардың сұрақтарына байыппен жауап берді.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заң жобасында бірқатар жаңашылдықтар да бар. Мәселен, журналистердің құқықтары туралы ұлттық баяндама жасау, баспасөз картасы арқылы аккредиттеуді жеңілдету бұрын-соңды заңда көзделмеген болатын. Алғаш енгізіліп отырған талаптар өз кезегінде журналистердің жұмысын жеңілдетпек.

– «Масс-медиа туралы» заңды жасау қажет болды. Өйткені, 1999 жылы қабылданған «БАҚ туралы» заң моральдық тұрғыдан ескірген. 20 жылдан астам уақыт ішінде ақпараттық сала толығымен өзгерді, бұған ондаған түзетулер енгізілді, бірақ нәтижесінде жаңа заң жобасын әзірлеу мәселесі туындады. Халықаралық тәжірибе зерттелген соң әзірленген заң жобасында түсініктер аппараты маңызды орын алады. Бұл медиакөңістікте жаңа коммуникация құралдарының, про-

цестер мен терминдердің пайда болуынан туындаған қажеттілік, – деді Аида Ғалымқызы.

Бұқаралық ақпарат құралдары арасында пікірталас тудырған баспасөз картасына қатысты да мәлімдеді министр. Оның айтуынша, бұл, ең алдымен, журналистердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жеңілдету үшін жасалмақ.

Баспасөз мәслихатында айтылған тағы бір мәселе – телерадиоарналардың мемлекеттік тілде хабар тарату мәселесі. Бұрынғы норма бойынша 50 де 50 балансы қолданылып келсе, «Масс-медиа туралы» заң жобасы аясында мемлекеттік тілде хабар тарату көлемі 70%-ға дейін ұлғаяды. «25 жылға жуық уақыт ішінде елдегі мемлекеттік тіл мен отандық контентті дамыту бағытындағы трендтер өзгерді», – дейді бұл тұрғысынан министр.

Аида Балаева еліміздегі креативті индустрияны дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғанын да

айтты. Бүгінде осы мақсатта нақты шаралар қолға алынуда. Мәселен, 2021-2025 жылдарға арналған Шығармашылық индустрияны дамыту тұжырымдамасы бекітіліп, жүзеге асыру басталып кеткен. Нәтижесінде, ел бойынша 95 мың адам жұмыспен қамтылып, 32 мың кәсіпкердің жұмысы жанданған. Одан бөлек, білім беру, сәулет және қала құрылысы, IT сынды салаларда бестен астам жоба қаржыландырылып, 70 млн. теңгеден астам жеке инвестиция тартылған.

Бірақ, соған қарамастан, министр креативті дамытуды тек пайда үшін қарастырмау керектігін де айтып отыр. – Мемлекет басшысы осы саланы ауқымды дамыту үшін барлық жағдай жасалу қажеттігін айтты. Ол өз Жолдауында шығармашылық индустрияны қолдау бойынша жеке шаралар кешенін әзірлеу, оның ішінде әрбір облыс орталығы мен ірі қалада шығармашылық индустрия орталықтарын қалыпта-

стыру, қатысушыларға өз өнімдерін коммерцияландыру мәселелері бойынша көмек көрсету жөнінде нақты міндет қойды, – деді министр.

Дәл осы салаға тың серпін беру үшін бірқатар заңнамалық құжаттарға да өзгерістер енгізу қарастырылып отырғанын айтады министр.

Еліміздегі кино индустриясы жайлы сөз қозғалғанда Аида Ғалымқызы Қазақстанның алда болатын американдық «Оскар-2023» киносылығына нәліктен қатыспайтынын да мәлімдеді. Айтуынша, қазақстандық картиналар «Оскар» киносылығына қатысу үшін іріктеуден өте алмаған.

Министр «Мәдениет пен өнер саясаттан тыс» дейді. Демек, осы салада жүргеннен кейін өздерінің ролі мен миссиясын білулері тиіс. Бұл, әлбетте, қазақстандық әншілерге қатысы жоқ. Журналистің «өзге елдегі келесіз жайттарды насихаттап жүрген шетелдік әншілерді елімізге келтіру дұрыс па?» деген сұрағына дәл осылай жауап берді Аида Ғалымқызы.

«Мәселе діндарлықта емес, білімсіздікте» дейді министр «никаб, хиджаб және қысқа шалбарларға тыйым салынады ма?» деген сұраққа. Айтуынша, Қазақстан белгілі бір діни киімдерді киюге шектеулер енгізу мәселесін қарастырады.

– Біз нормаларды зерттеп, ұсынамыз. Кем дегенде қоғамдық орындарда діни киімдерді киюге тыйым салынуы мүмкін. Бұл жерде Ұлттық қауіпсіздік мәселесі тұр. Уәкілетті орган ретінде осы бағыттағы заңнамалық нормаларды қатаңдату бойынша жұмыс істейтін боламыз, – деді делі Аида Балаева.

Кино идеология құралы екенін жоққа шығармайды министр. Елімізде кино индустриясын дамыту ең алдымен осы саладағы мамандардың шығармашылық бастамаларын қолдауға бағытталған. Бірақ, Аида Ғалымқызы бұған дейін түсірілген картиналардың небары бір пайызы ғана прокатқа шыққанын айтады. Сондықтан, бұл мәселе қайта қарастырылады. Министр мемлекет қаржысы есебінен фильм түсіретіндер прокат есебінен пайда көруі керек екенін алға тартты. Айта кету керек, министрдің мәліметінше, жыл соңына дейін қазақ тіліне аударылған бес мультфильм көрерменге жол тартпақ.

Арқа ақжолтайлары елге оралды

Кеше таңертең Қарағандыға Ханчжоуда өткен Азия ойындарында медаль жеңіп алған спортшылар Аделина Земс, Кирилл Тубаев және Артем Саркисян туған жерге табан тіреді.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еске сала кетейік, Артем семсерлесуде алғашқы қола жүлдені еншіледі. Кирилл да байдарқада ескек есу бойынша қола жүлдеге қол жеткізген еді. Аделина болса, жеңіл атлетикадан Қазақстан командасының құрамында өнер көрсетті.

Медаль иегерлерін отбасы, достары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қарсылады. Спортшылар сапардан алған әсерлерімен бөлісіп, Ханчжоудағы спорт бәсекесі ойдағыдай өткенін атап өтті. Өйткені, басты мақсат қанжығаға медаль қамдап, ел абыройын жарты жаһан дидарында асқақтату еді. Олар сол үдеден шықты.

Әлем жұртшылығы назар салған додада біздің әрқайсымыз жеңіс тұғырынан көріну үшін барымызды салып, жанымызды шүберекке түйдік. Бөрінен бұрын спортшы атаулы доданың басы мен аяғында жанталасады. Мен сол аяқ тұсында өнер көрсеттім. О баста жаттықтырушымыз Виктор Егоровпен осындай тактика ұстандық. Ол кісіге алғысым шексіз. Мәселен, Қазақстан семсерлесу спорты бойынша қатарынан 13 жыл бойы Азия ойындарынан бірде бір медаль еншіленбеген екен. Соңғы рет сонау 2010 жылы қоржынға медаль түскен. Ал бұл жеңісім біздің команда үшін зор жеңіс деп

бағамдарлық. Спорттың бұл түрінен Қазақстан құрамасы – әлемдегі ең жас командалардың бірі. Бұл медаль – біз үшін өте маңызды әрі толайым табыс, – деп ағынан жарылды Артем Саркисян.

Семсерлесуден Қазақстанның ерлер құрамасы үшін үшінші орынды дәл осы Артем иеленді. Көрсеткіш көз сүйсінтеді. Корея бұл спорт түрінен талай Олимпиада чемпиондары мен Әлем чемпиондарын шығарған ел екендігін ескерсек, жартылай финалда ел спортшылары осы Оңтүстік Кореяға есе жіберген. Жартылай финалдағы ұпай алшақтығы тек төрт ұпай ғана. Нәтижесінде Қазақстан командалық жарыста үшінші орынды иеленді. Бұл – Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ересектер арасындағы семсерлесу бойынша алғашқы медаль.

Соңғы жылдарда Азия ойындары әлемдік дода яки олимп тартыстарынан кем түспейді. Спортшылардың барлығы – өз елінің кіл үздіктері. Біздің өңірімізге таққан бір медальдің өзі – болашақ ірі додаларға жолашар. Мұндайда жүрегіңді жігерің ғана құтқарып қалмақ. Әр спортшы жарысқа тастүйін дайындалып шаршы алаңда қолдан келгеннің барлығын жасайды. Кейінгі жас спортшылар да дйттеген мақсаттарына жетсін! Спортқа адал болсаңыз, спорт сізге адал болады деген тілегімді жеткіземін, – деп тұжырдды сөзін Кирилл Тубаев.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Ұстаздар – құрмет төрінде

Кеше облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ұстаздар мерекесіне арналған салтанатты шараға қатысып, білім саласының үздіктерін марапаттады. Аймақ басшысы аянбай еңбек етіп жүрген барша мұғалімге алғыс білдірді. Мемлекет тарапынан білім беру саласына үлкен көңіл бөлінгенін атап өтті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ұлы Абай «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп өз шығармашыларында ұстаздық қызметке жоғары баға бергенін білеміз. Сіздер жас ұрпаққа тәрбие беріп, жастардың болашағын айқындайсыздар. Қажырлы еңбектеріңіз – еліміздің жарқын болашағының кепілі. Ұстаздық қызметтің қасиеті мен киесі осы болса керек. Еліміздегі білім көшін ілгері жылжытып келе жатқан ұстаздарға құрмет арта бермек. Биыл алғаш рет Мұғалімдер күні мерекесі белгіленіп, Дүниежүзілік мұғалімдер күнімен сәйкестендірілді. Бүгінгі таңда облыста және елімізде білім беру жүйесін дамытуға және ұстаздарымыздың мәртебесін арттыруға



үлкен көңіл бөлінуде, – деп атап өтті аймақ басшысы.

Сондай-ақ, облыс әкімі барша

мұғалімдерді республикалық педагогтер съезінің ашылуымен құттықтады.

– Мемлекет басшысының қолдауымен 2019 жылы маңызды мәселелердің бірі – педагог мамандығына ерекше мәртебе беру туралы шешім қабылданды. «Педагог мәртебесі туралы» Заң

шілерінің айлығы 30 пайызға көбейді. Ұстаздардың еңбек демалысы ұзартылып, жүктемесі азайды. Мұғалімдердің қажырлы еңбегінің арқасында оқушылар жетістікке жетуде, – деп атап өтті Ермағанбет Қабдулаұлы.

Аймақ басшысы мерекелік салтанатта аймақтағы бес мұғалімге «Қарағанды облысының білім беру саласының Құрметті педагогы» төсбелгісін табыс етті. Төсбелгіге қоса 1 млн. 380 мың теңгеден астам сомадағы сыйақы берілді. Аталған марапатқа Есжан Әміров (Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінің директоры), Айман Түкбаева (Шашубай кентіндегі мектеп-бөбекжай кешені «Тірек мектебі» (ресурстық орталық директоры), Гүлнар Омарова («Шолпан» үлгілі хореографиялық ансамблінің көркемдік жетекшісі), Бақытжан Күрпешова (Абай ауданы білім бөлімінің басшысы), Ғазиза Смағұлова («Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының аға оқытушысы) ие болды.

Сондай-ақ, мерекелік шараларда мінсіз еңбектерімен танылған

үздік педагогтер «Еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Бала оқыту ісінде өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім берген мұғалімдерге облыс әкімінің Құрмет грамотасы бұйырды.

Салтанатты шараны Мағжан Жұмабаев атындағы гимназиясының «Шолпан» үлгілі хореографиялық ансамблінің өнерпаздары көркемдеді. Білім беру саласындағы зейнеткер ұстаздарға құрмет көрсетілді.

Айта кеткен жөн, бүгінгі таңда облыс мектептерінде 17 708 мұғалім жұмыс істейді. 3441 мұғалімнің 30 жылдан астам тәжірибесі бар.

Ұстаз есімін ұлықтауда әйелдер қауымының саны басым. 17 708 педагогтің ішінде әйелдер саны – 15 262 болса, ерлер – 2 446.

Облыс колледждерінде 2097 педагог жұмыс істейді. Ал, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілерінің саны – 3264.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Көпшілік кент келешегіне алаңдайды

Облыс халқымен жаңа формат аясында есептік кездесулер өткізіп жүрген аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бұл жолы Ақтоғай ауданының Шашубай кенті тұрғындарымен жүздесті. Басқарма басшыларының қатысуымен жергілікті тұрғындарды жеке қабылдады. Алыстағы ауылға барып, халықпен бетпе-бет отырып сөйлесіп, олардың өтініш-тілегін, сын-ескертпесін тыңдады. Кездесу барысында 36 мәселе көтеріліп, сұрақтар тіркелді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жол жабындысы жарамсыз

Шашубайлықтар жаңа асфальтқа наразылықтарын білдірді. Жолды жөндеу жазда жүргізілген. Ауылға салынған сапасыз жол қайта жөнделеді. Жұмыстар қабылданбауына орай, мердігер компания – қарағандылық «Лидер Строи Групп» ЖШС-інің ісі сотқа жолданған. Биылғы жолды жөндеу жұмысына 143 млн. теңгеге қаржы бөлінген. Кенттің Шашубай көшесіндегі жұмыс сапасы нашар болған көрінеді. Мамандардың айтуынша, көшені асфальттаған мердігер енді сапасыз учаскелерді қайта қырып, жаңасын салуға міндеттеледі.

– Биыл Шашубайда жалпы ұзындығы 2,1 шақырым көше мен тұйық көшеде орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет болды. Негіз дұрыс жасалды, бірақ асфальт төсеу тәртібі бұзылды. Мердігердің жұмысына қанағаттанбадық. Шарт бұзылып, сотқа мердігерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арыз береміз, – деп түсіндірді Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасары Саян Мұратұлы.

Бос тұрған үйлер жөнделеді

Тұрғындарды толғандырған тағы бір мәселе – көп жылдардан бері бос тұрған көпқабатты үйлерді қалпына келтіру жоспарлануда. Тоқсаныншы жылдары бос қалған көпқабатты үйлерді қалпына келтіру жоспарлануда. Тоқсаныншы жылдары бос қалған көпқабатты үйлерді қалпына келтіру жоспарлануда. Тоқсаныншы жылдары бос қалған көпқабатты үйлерді қалпына келтіру жоспарлануда.

– Біз техникалық қорытынды алдық. Бос үйлерді қалпына келтіруге болады. Төрт үй бойынша меншік иесін анықтау жұмыстары жүргізілді. Содан кейін коммуналдық меншікке рәсімделді. Қазір жоба мемлекеттік сараптамадан өтуде. Кейін жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленеді. Шашубайда тұрғын үй алу кезегінде 215 адам тұр. Бұлардың арасында көпбалалы отбасылар, баспанаға мұқтаж жандар бар. «Балқаш Жібек Жолы» ЖШС жөндеу жұмысын жүргізіп жатқан Ақбергенов көшесіндегі 96 пәтерлі үй қазіргі уақытта 85 пайызға аяқталды. Бос



• БРИФИНГ

Келісім кемелденуге бастайды

Қарағанды көпконфессиялы өмір қатарына кіреді. Олай деуге себеп бар. Өйткені, республика аумағында тіркелген 18 конфессияның 15-ін құрайтын 280 діни бірлестік пен филиал дәл осы облыста өз қызметін жүзеге асырады. Тұрғындардың діни сенім бостандығына кепілдігін, мемлекет пен діни бірлестіктер өкілдері арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыру, сонымен қатар, діни экстремизмнің алдын алуды қамтамасыз ететін облыстың дін істері басқармасының басшысы Жанболат Сектай өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында осындай деректермен бөлісті.

Салтанат ЛПИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жаһандану үдерісі аясында дүниежүзінде үздіксіз жүріп жатқан халықаралық үрдістер кез келген елдің назарын талап етеді. Солардың ішінде, дін адамзаттың бірге жасасып келе жатқан түрлі тарихи кезеңдер мен қоғамда өзін әртүрлі пішінде көрсеткен элемент ретінде басымдылықпен не екені жасырын емес. Дін біздің сан қырыл мәдени



тұрған көпқабатты үйлерді қалпына келтіру тұрғын үй мәселесін шешуге көмектеседі, – деді Шашубай кентінің әкімі Нариман Маңғышев.

Жарық жні сөнеді

Тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың дені жарықтың жні сөнуі төңірегінде. Олар қолайсыз ауа райы кезінде жарыққа қатысты апатты жағдайлар жні орын алатынын атап өтті. Электр желілерінің уақытша ажырауы туралы хабарландыру әлеуметтік желілер, жеке паракшаларда уақытылы жарияланған.

Сегіз жылдан бері электр желісін жергілікті әкімдік қадағалауына алған. Өйткені, жауапты мекеме жоқ. Кенттің 28 шақырымдық электр желісінің бойында 13 трансформатор бар. Трансформаторлардың 40 пайызы жаңартылған. Кеңес үкіметінен келе жатқан трансформатордың 60 пайызына жыл сайын жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Кент әкімі Нариман Маңғышев қазір электр желісінің коммуналдық меншікке беріліп жатқанын мәлімдеді.

Шашубайлықтар орталық жылу жүйесін сұрайды

Кент тұрғындары Балқаштағы Қоңырат тұрғындары үшін басты мәселе шешілгендігін айтты. Еске салсақ, ескірген қазандықтың орнына енді үйді Балқаш жылу электр орталығы жылытады. Бұрын қуаттылықтың жетіспеуіне байланысты әр жылыту мау-

сымында тұрғындар пәтерлерінің суықтығына шағымданып келген еді. ЖЭО-дан 17 шақырым жаңа жылу магистралі тартылып, орамшілік желілер салынды. Шашубай кенті Балқаш қаласынан бес шақырым жерде орналасқан. Кенттегі барлық әлеуметтік нысан мен барлық үйді орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу туралы ұсыныстарын айтты. Шашубайда жылытуға тиісті аумақ – 23 мың шаршы метр. Биыл Ақбергенов көшесіндегі тоғыз үй қосылғанда 27 мың 500 шаршы метрді құрайды. Мамандардың мәлімдеуінше, әзірге жылу орталығына қосылу мүмкін емес. Шашубай кентіне келер жылы 800 млн. теңгеге қазандық орнату жоспарланып отыр. Қазандық іске қосылған бойда барлық үйлерді жылумен қамтуға мүмкіндік бар. Бұл мәселені келер жылдың еншісіне қалдырды.

«Жолбарыс жұртымыздан айырмақшы»

Тұқымы тұздай құрыған Тұран жолбарысын қайта тірітіп, Балқаш жеріне жерсіндіру жобасы қолға алынғалы айдыңның арғы бетіндегі шаруашылық иелері қоныс аударуға мәжбүр болып отыр. Осы жағдайға шаруашылық иелері алаңдаулы. Айта кетейік, Қазақстанның ұлттық географиялық қоғамы 2020 жылы Тұран жолбарыстары популяциясын жандандырмаққа жұмысын бастап кетті. Бүгінде жолбарыс жіберіледі деген жерде Ғалымжан Бекқожин, Ергазы Серіков, Мадияр Дәкенов, Нұртас Өмірсеков сынды азаматтар үй салып, көп жылдан бері мал өсіріп, балық аулаумен айналысып келеді. Атамыш 10 гектар жерге жолбарыс өсіру туралы шешім шыққалы шаруа иелеріне жерді босатып, үйлерінді бұзындар деген бұйрық келген.

– Біз бірнеше жылдан бері осы жерге салық төлеп, шаруашылықты дамытып келеміз. Шандастырамыз деп жүргенде, бұл жерлерде адам тұрмайды, мал өсірілмейді деген жалған ақпаратпен жолбарыс өсіруге қорық құрғандар бізді қудалауда. Олар



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

жолбарыс өсіретін аумаққа қоршау да орнатқан жоқ. Және ол жер Орда-Дересін ауылына төрт шақырым аумақта орналасқан. Біз облыс әкіміне Бақанасқа жер телімін өзгерту туралы ұсыныс-хат әзірлеуін өтіндік, – дейді жеке кәсіпкер Алмаз Сәтбеков.

Кенттегі кездесуді қорытындылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Президент тапсырмасын жүзеге асыруда қарқынды жұмыстар жүргізіліп, мәселелер проблемалық учаскелерінде болды. Бүгін Балқаштағы су құбырларының тозуы 75%-ға жеткенін атап өтті қала әкімінің орынбасары Темірхан Айдарханов.

Мыс шаһарында да мәселе көп

Бұдан кейін облыс әкімі жұмыс сапарымен Балқаш қаласында болды. Тұрғындарды үздіксіз ауыз сумен қамтамасыз ету – Балқаштағы басты міндет. Қазір қалада сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту жалғасуда. Екі жыл ішінде 124 шақырым құбыр ауыстырылады. Биыл 43 шақырым ретке келтірілген. Келесі жылы толығымен аяқталуы тиіс. Балқашқа жұмыс сапары барысында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ауыстырылатын су құбырының проблемалық учаскелерінде болды. Бүгін Балқаштағы су құбырларының тозуы 75%-ға жеткенін атап өтті қала әкімінің орынбасары Темірхан Айдарханов.

– Бұрын тұрғындардан жертелелерді су басу және судың қысымы төмен деген шағымдар түскен. Бұл мәселелер шешімін табуда. Жоба 2024 жылы да жалғасалы. Жөндеу кезінде тұрғындарды қосымша сумен қамтамасыз етеміз, – деп атап өтті Темірхан Айдарханов.

Ермағанбет Бөлекпаев абағандыруды созбауды тапсырды. Су құбыры желілерін ауыстыру жұмыстары аяқталғаннан кейін жолдарды жөндеуге дереу кірісу қажеттігі айтылды. Қазіргі таңда Балқашта жылыту маусымы басталған. Биыл 18 шақырым жылу желілері ауыстырылды.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Тұмауды екпе ғана тұқыртады

Жігіт респираторлық вирустық инфекциялар мен тұмаудың алдын алу үнемі назар аударуды қажет етеді. Деректер бойынша облыста соңғы бес жылда жыл сайын ЖРВИ мен тұмаудың 60 мыңға жуық жағдайы тіркеледі. Ауырғандардың негізгі үлесін 14 жасқа дейінгі балалар құрайды. Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгиннің айтуынша, аймақта былтыр тұмаудың ерте тіркелуі эпидемиологиялық маусымның ерекшелігі болды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Асқынған тұмау – қауіпті

– Өткен эпидемиологиялық маусымдағы тұмаудың жиілігі В вирусы (76%) басым болды. Өлім жағдайлары тіркелген жоқ. COVID-19 пандемиясы ЖРВИ мен тұмаудың этиологиялық құрылымын өзгертіп қана қоймай, жылдар бойы қалыптасқан мерзімі мен инфекцияларды анықтау жиілігін бұзды. Сонымен бірге, жас санаттары да өзгерді. Мәселен, ауырған 65 жастаң асқан адамдар саны 2018 жылмен салыстырғанда 2,2%-дан 7,5%-ға дейін өсті, – деді ол өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамы бойынша биылғы эпидемиологиялық маусымда: А/Н1Н1, А/Н3N2 В вирусының қосылуымен және ықтималдығы жоғары басқа тұмау вирустары арасында А/Н1Н1/тұмау вирустарының айналымы күтілуде. Осыған байланысты, елде санитариялық-профилактикалық, санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізу жоспарланған. Соның бірі – екпе жүргізу.

– Тұмау және тұмауға ұқсас аурулардан сақтанудың ең тиімді әдісі – жыл сайын 1 қазаннан 1 желтоқсанға дейін жүргізілетін вакцинация. Биыл жергілікті бюджет қаражатынан тәуекел топтарды вакцинациялаумен қамту үшін 173 000 доза мөлшерінде ресейлік «Гриппол» вакцинасы сатып алынды. Тәуекел тобына диспансерлік есепте тұрған балалар, балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, сабилер үйлері, қарттар үйлерінің контингенті, жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары бар адамдар, медицина қызметкерлері және екінші және үшінші триместрдегі жүкті әйелдер кіреді. Ақпаратты вакцинация еңбек ұжымында аурудың таралу қаупін және ауруға шалдыққан жұмыс күндерінің санын азайтуға мүмкіндік береді. Сондықтан, ұйымдар мен кәсіпорындар басшыларына жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерді тұмауға қарсы вакцинациялау мәселесін шешуді ұсынамыз, – деді Юрий Залыгин.

Білім беру ұйымдарында бір инкубациялық кезең ішінде сынып санынан 20-дан 30%-ға дейінгі оқушылар ауырса, білім беру ұйымдарында оқитудың кабинеттік жүйесінен бас тар-

ту, күнтізбелік он күн ішінде сыныптарға жаңа балаларды қабылдауға тыйым салу ұсынылады. Егер ауырған оқушылар саны 30%-дан асса, оқушыларды онлайн оқытуға ауыстыру жүзеге асырылады.

– Тұмау – ауа арқылы таралатын ауыр жігіт вирустық ауру. Әсіресе, балалар ұжымдарында тез таралады. Жалпы, тұмау вирустарына барлық жастағы адамдар сезімтал. Сондықтан, адамдар көп жиналатын жерлерде, әсіресе жабық жерлерде ұзақ болмау, ондай жерлерде маска пайдалану, жөтел этикетін сақтау, қолды сабынмен жуу, бөлмені жиі желдету, ылғалды тазалау жүргізу сияқты кеңестерді сақтаңыздар, – департамент басшысы.

Қызылша қамсыздықты көтермейді

Сонымен қатар, спикер аймақтағы қызылша ауруының таралуы жайлы тоқталды. Оның айтуынша, қызылша күдігімен 175 адам тіркелді, оның 150-і зертханалық расталды. Тұрғындардың ең осал тобы – 14 жасқа дейінгі балалар. Ауырғандардың арасында балалардың үлес салмағы – 81,4%.

– Қызылша – жоғары температура, тыныс жолдарының қабынуы, ауыз қуысының шырышты қабаты, конъюнктивит және денеде бөртпе пайда болуымен сипатталатын жедел инфекциялық вирустық ауру. Ол ауа-тамшылы жолмен таралады. Дерт пневмония, бронхит, энцефалит сияқты асқынуларымен қауіпті. Сонымен қатар, қызылшаны емдеудің тиімді және нақты әдісі жоқ. Аурудан жалғыз сенімді қорғану жолы – вакцинация, – деді Юрий Леонидович.

Ұлттық профилактикалық ету күнтізбесіне сәйкес, қызылшаға қарсы вакцинация екі рет: біріншісі 12-15 айлығында, екіншісі алты жаста жүргізіледі. Қызылшаға қарсы вакцина қызылша пен паротитке қарсы компонентпен бірге қолданылады.

– Ағымдағы жылдың сегіз айында облыста қызылшаға қарсы қоспарлы екпені бір жастағы 10 736, 6 жастағы 10 849 бала алды. Өкінішке орай, екпеден бас тарту өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Екпені кейінге қалдыру немесе бас тарту туралы шешім қабылдағанда, жауапкершілікті ата-ана өз мойнына алады, – дейді департамент басшысы.

Мысалы, жыл басынан 212 адамнан тұратын ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері мынанан астам адамды қамтыған 3346 шара өткізді. Сондай-ақ, биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында жүргізілген әлеуметтік зерттеулерге сәйкес, облыс тұрғындары арасында білім алу тұрғысында діни бірлестік қызметкерлерімен бірге әлеуметтік желілер манғыздығының артуы байқалады, – дейді Жанболат Ахуанұлы.

Осыған байланысты, радикалды идеологияны таратуда интернет-кеңістіктің ерекше қауіптілігін ескере отырып, басқарма қызметкерлері күн сайын діни экстремизм мен терроризмге қарсы насихатпен қатар, осындай сипаттағы материалдардың таралуына жол бермеу жұмыстарын жүргізеді. Одан бөлек, әлеуметтік желі пайдаланушылары арасында ықтимал қауіптерді жою тағы бар.

Басқарма қызметкерлерінің

интернет кеңістігінде заңсыз діни мазмұндағы контентті анықтауға бағытталған қырағы жұмысының нәтижесінде был радикалды діни сипаттағы алты мыңнан астам материал анықталып, бұғаттаған.

– Бұл бағытта жұмыс облыс әкімдігі жанындағы терроризмге қарсы комиссиямен, құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүргізіледі. Қазіргі таңда радикалды сипаттағы тыйым салынған материалдарды жасырын пайдаланушылар арқылы таратқан облыстың 18 тұрғыны анықталған. Оның сегізі қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылып, қалған істер бойынша дінтану сараптамасының қорытындысын күтіп отырмыз. Біз мемлекеттің зайыршылық қағидаттарын бекіту, конфессияаралық қатынастарды нығайту жолында жұмысымызды жалғастыра береміз, – дейді басқарма басшысы.

Жайлы орта – тең мүмкіндік

Адам – еліміздің басты құндылығы. Мүмкіндігі шектеулі болса да, ол – қоғам мүшесі. Осыны сезіндіріп, оларды шеттетпей, әлеуметтендіруге баса назар аудару керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында мүмкіндігі шектеулі адамдарға барынша қолайлы жағдай жасау керектігін баса айтқан еді. Қолайлы жағдай дегеніміз – кедергісіз орта. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамдық көліктерден бастап, барлық мекемелер мен қоғамдық орындарға баруға толық құқығы бар. Алайда, мүмкіндігі жоқ. Бұл ретте Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Кедергісіз келешек» жобасы іске асырылуда.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кей мекемелердің алдындағы пандусты көрсеніз, кәдімгі сырғанақ дерсіз. Одан кембағал адам тұрмақ, он екі мүшесі сау адамның көтеріліп, түсуі қиын. Бұл мәселені шешу үшін мемлекет тарапынан бірқатар шаралар қолға алынған. Жоғарыда айтқан жобадан бөлек, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар бар. Ол 2021 жылы қабылданған.

Жоспарға сәйкес, 5 жыл ішінде ел бойынша 35 мың инфрақұрылым нысандарын бейімдеу қажет. Алайда, бүгінгі таңда оның 30%-ы ғана, яғни, 10 444 нысан ғана бейімделген. Жақында өңірге келген Парламент Мәжілісінің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің көшпелі отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова осылай деді.

– «Кедергісіз» ортаны қамтамасыз ету – мүгедектігі бар адамдарды толыққанды интеграциялаудың негізгі факторларының бірі. Мониторинг нәтижелері бойынша бүгінгі таңда 35 мың инфрақұрылым нысандарының тек 30%-ы ғана бейімделген. Бұл мәселені шешу жолдарының бірі – көлік және сәулет-құрылыс саласында бақылауды күшейту, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын жандандыру, – деген еді министр.

Ведомство басшысының айтуынша, бейімделген нысандар көрсеткіші республика бойынша 30,4 болса, Қарағанды облысында сәл жоғары. Қарағанды мүмкіндігі шектеулі жандардың саны жағынан алдыңғы қатардағы аймақ екенін ескерсек, бұл мәселе әлі де өзекті.

Аймақта 5 жыл ішінде мүгедектігі бар адамдардың барлық санаттары үшін 1 659 нысанды бейімдеу көзделген. Қазіргі уақытта жергілікті атқарушы органдар 679 нысанның инфрақұрылымын бейімдеді. Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша аумақтық департаменті бақылау жүргізіп, аталған



нысандардың 83-і толық бейімделгенін анықтады. Оның ішінде, барлық деңгейдегі әкімдіктер, бірқатар денсаулық және білім беру, мәдениет және спорт нысандары, халыққа қызмет көрсету орталықтары, пошта сияқты нысандар бар. Департамент өкілдері мәлімдегендей, 150 нысан бейімделмеген, ал, 446 нысан ішінара бейімделген деп танылды. Оларда қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі заңнама талаптарын бұзған 1 606 факті тіркелді.

Бұдан басқа, мемлекеттік бақылау шеңберінде департамент мамандары мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, жеке кәсіпкерлік және басқа да салалардағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне 38 тексеру жүргізді. Тексеру қорытындысы бойынша объектілердің басшыларына анықталған бұзушылықтарды жою туралы 24 ұйғарым беріліп, жалпы сомасы 2,8 млн. теңгеге 14 әкімшілік айыппұл салынды. Заңнама талаптарына сәйкес, бұзушылықтар алғаш рет анықталған жағдайда меншік иесін әкімшілік жауапкершілікке тартпай, жою туралы нұсқамалар ғана беріледі. Айыппұл нұсқама белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда салынады.

Әдетте жекеменшік, коммерциялық

нысан иелері мұндай ескертулерге бейжай қарайды екен. «Лучик надежды» қайырымдылық қорының директоры Татьяна Кравченко осылай дейді.

– Қозғалысында қиындық бар адамдар мүгедектер ғана емес. Бала сүйреген аналар, қоларбамен жүретін қарттар, қарақаттанып, балдақпен жүретіндер бар. Бір қарағанда, пандус бар, бірақ, олармен жүру мүмкін емес. Градусы ескерілмейді. Есік кері ашылады, тұтқасы жоғары немесе, тіпті, жоқ болады. Әдетте сауда үйлерінде бірінші қабатта азық-түлік, жоғарысында бұтиктер болады. Кейбір сауда үйлерінде ғана лифт бар. Эскалаторда тұра алатын адамдар үшін. Мұның барлығын сол ұйымдардың адамдары бақыламайды. Неге жағдай жасалмайтынын сұрасаң, «қосымша қаражат керек» дейді. Бір дәмханаға бардық, орнатқан пандустары бағанмен қатар тұр. Одан түскен адам бағанға соғылады. Сұрасақ, «бізге ондай адамдар келмейді» деп жауап берді. Олар барғысы келмегеннен емес, баруға мүмкіндіктің жоқтығынан бармайды. Бұл ретте мемлекеттік, бюджеттік мекемелер ұсыныстарға құлақ асады, істеуге тырысады. Мұны айту керек. Ал, жекеменшік кәсіпорындар қаражаттың жоқтығына сілтейді. Бұл – жауапсыздық, –



дейді Татьяна Иванова.

Қор басшысы салынып жатқан мектептерде бұл қажеттіліктер ескерілсе екен дейді.

– Гапеев көшесінде салынған мектепке бірнеше рет барып, лифт бар-жоғын сұрадым. Оған қосымша қаражат керек екенін айтты. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін лифт басынан қарастырылмаған. Қазір инклюзивті сыныптар көптеп ашылууда. Сондықтан, әуелі балалардың сол сыныптарға барып-қайтуы ескерілсе екен, – дейді Татьяна Кравченко.

«AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға жәрдемдесуі мақсат етеді. Партия Қарағанды облыстық филиалының саяси жұмыс бөлімінің меңгерушісі Нұрсұлтан Шаменовтің айтуынша, мемлекеттік қолдау, ең алдымен, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қоғам өміріне тартуға бағытталуы тиіс.

– Партияның облыстық және аумақтық филиалдары жыл басынан бері «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында 5,1 мыңнан аса адамды қамтыған 145 шараны жүзеге асырды. Бұның ішінде әлеуметтік объектілерді бейімдеу және бейімдеу орталықтарының жұмысына қоғамдық мониторинг жүргізу, қалаішілік қоғамдық көліктердің бейімделуіне мониторинг жүргізу жұмыстары жасалды, – дейді Нұрсұлтан Шаменов.

Бұдан бөлек, «Теп қоғам» орталығының жетекшісі Нияз Сүндеталиев құжатсыз жандарға құжаттарын рәсімдеу бойынша бірқатар істер атқаруда. Орталық заңгерлері мүмкіндігі шектеулі құжаты жоқ жандарға көмек қолын созуда.

«Кедергісіз келешек» – мемлекеттің ғана емес, азаматтардың, жұмыс берушілердің, жалпы, қоғамның ортақ жауапкершілігімен қол жеткізетін мақсат. Онысызда шектелген мүмкіндікті өз қолымызбен шектемейік. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегінше, елде мүгедектігі бар 719 мыңға жуық адам тұрады. Соның 56 мыңға жуығы біздің облыста. Олардың әрқайсысы еш шектесіз, қалыпты адамдармен қатар жайлы өмір сүруге құқылы.

• ӘЛЕУМЕТ

Порталдың пайдасы орасан

Жыл басынан бері ел бойынша 343,2 мың мүгедектігі бар адам әлеуметтік қызметтер порталы арқылы оналтудың техникалық құралдарын алды. Бұдан бөлек, 7,5 мың – ымдау тілі қызметі, 25,5 мың – жеке көмекшінің, 56,7 мың – санаторлық-курорттық емдеу қызметі көрсетілді. Бұл – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі таратқан дерек.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Портал мүгедектігі бар адамдарға оналтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оналтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады. Мүгедектігі бар адамдарды оналту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды.

Бүгінгі күні порталда 864 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін орталық (бөлімшелер), 493 оналтудың техникалық құралдарын жеткізуші, 28 мыңнан астам жеке көмекші, 706 ымдау тілі және 106 санаторлық-курорттық емдеу қызметтерін ұсынушы тіркелген.

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегінше, жыл басынан бері облыстағы мүмкіндігі шектеулі жандар 2 682 протездік-ортопедиялық зат, 1 059 сурдотехникалық зат, 1 800 тифлотехникалық бұйым, 507 дана қоларба және 9 692 гигиеналық зат алған. Сонымен бірге, 2 347 адам жеке көмекші қызметін пайдаланса, 578 адам ыммен түсіндіру маманының көмегіне жүгінген. Бес мыңға жуық адам шипажайға барып, ем алды.

• КӨКЕЙКЕСТІ

Жылжымайтын кезек бұлжымайтын тәртіпке зәру

Балалар жылында (2022 жыл) облыста 16 мыңнан астам бүлдіршін балабақша кезегін күткенін білеміз. 2021 жыл соңында 18 мың болатын. Мектепке дейінгі ұйымдарға 14 мыңға жуық жолдама алынса, жазда 6787 бала қабылданыпты. Десек те, балабақша кезегі азаймай тұр.

Жариялылық бар деумен «Электронды Үкіметке» әжептәуір сенім артып отырған аналардың жанайқайы біткен жоқ. Күз келіп еді, балабақша кезегіне жанталас басталды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қағазбастылық азайды дегенмен...

Мектепке дейінгі ұйымдардың мәртебесін арттырудағы жоспардың алғышарты педагогке қойылатын талапты күшейтуден басталды. Балалармен жұмыс істеу ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиешілерден біліктілікті талап етті. Педагогке түсетін жүктеме екі есе азайды. Сөйтіп, баламен жеке жұмыс істеу мүмкіндігін көздейтін Оқу-ағарту министрлігінің «Бір топта – екі педагог», «Құзыреттілік орталықтарының жұмысын ұйымдастыру» пилоттық жобасы іске асты. Мұғалімдердің жалақысы екі есе артқаны айтпаса да түсінікті. Бірақ, халықтың мемлекеттік балабақшаға сұранысы қанағаттандырылмады, сол күйінде тұр.

Тәрбиешілердің талапқа сай дереу білім арттыруға кіріскені жобаның сәтті екенін дәлелдейді. Мәселен, Қарағандыдағы «Шаңырақ» бебекжайы аталған жобаларға екі жыл бойы қатысты.

– Жобаға қатысқан балалар балабақшаға қызығушылықпен барады, оқуға қатысты шараларда дербестік танытып, ерекше бастама көрсетті. Әр балаға жеке көңіл бөлінген соң білім, білік және дағды сапасы артты. Топта екі тәрбиеші болғандықтан, тәрбиеленушілермен жеке қарым-қатынас орнатуға көбірек мүмкіндік пайда болды, – дейді білім басқармасының бас маманы Арайлым Жәстілекқызы.

Сондай-ақ «Ақша баланың соңынан ереді» қағидасы бойынша мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру тетігі өзгергенін көрдік.

Бұрын білім бөлімдері мемлекеттік тапсырыс берген кезде белгілі бір балабақшаға нақты орын санын көрсететін. Жаңа талапқа сәйкес, балабақшалар мемлекеттік тапсырысты алатын ұйымдардың жалпы тізіміне енгізілді. Жолдама алғаннан кейін ата-аналарға тізімнен балабақшаны таңдауға мүмкіндік берілді. Қанша орын таңдаса, балабақша да соған сәйкес қаражат алды.

Аналар баланы балабақшаға орналастыру үшін құжат жинап шарқ ұратын. Мемлекеттік балабақшадан орын алу үшін ата-аналарға жылдар бойы тиісті мекемелердің табалдырығын тоздыруға тура келетін. Шешімін тапқан мәселенің бірі – осы. Оған қоса мемлекеттік тапсырысты алу үшін балабақшаға керек құжаттар саны азайды. Бұған дейін мектепке дейінгі жекеменшік ұйымдар біршама құжатты тапсыру керек болса, қазір тізім екі есеге қысқарды. Қалған құжаттар ақпараттық жүйелерден алынады.

Кезектің кері жылжитыны бар

– Балабақша кезегін алу үшін таңғы 6:00-де компьютер алдында отыру керек. Оның өзінде бір балабақшаға бір бос орын ұсынады. «Кезек сенің де балаңа келеді» дегенге сенбеймін. Оның кері жылжитыны бар. Қарағандының Өлкетік-Шығыс бөлігінде халықтың орналасу жиілігі тығыз болғанына қарамастан, балабақша саны аз. Екіден асқан баламды орналастыратын мемлекеттік балабақша таппадым. Бәрі үш жастан қабылдайды, – дейді үш баланың анасы Айгүл Орынбасарқызы.

Айгүл секілді жылдар бойы



Қолжазба жасаған Ш.Адамбекова

мемлекеттік балабақша кезегін күткендердің жекеменшік бөбекжайдың қызметін пайдалануға қалтасы көтермейді. Қаладағы «Алтын бесік», «Алтын сақа», «Шамшырақ» жекеменшік балабақшаларының құны – 65 мың теңге. Мәселен, 150 мың теңге көлемінде жалақы алатындарға екі баласын қатар балабақшаға беру мүмкін емес.

Олқылықтар түзелмегендіктен, демографиялық дамуға жол ашатын балабақшаның мәселесі әлі күнге күн тәртібінен ығысқан жоқ. Психологтар болса, балалар мектеп жасына дейінгі білім беру ұяларында тәрбиеленуі тиіс екенін айтып дабыл қағуда. Өйткені, қазіргі балалар 3-4 жасқа келіп, бір-ақ сөйлейді. Олардың балабақшада тәрбиеленуі – ортада өзін

еркін ұстап, анық сөйлесуіне әсер етеді.

Электронды кезектің «китүрқылары»

Қағазбастылық реттелгенімен, балабақшадағы орын тапшылығы сол күйі. «Кезек қалай кері жүреді?» деген кейбір аналар «Индигодағы» электронды кезектің былықтары көп екенін айтады.

– Мемлекеттік балабақшаларда бос орындар жарияланғаннан кейін, үлгеріп қалғысы келетіндер «Индигоны» жақсы білетіндердің қызметіне жүгінеді. Instagram желісінде балабақшаға орын алып берумен айналысатын «помогайкалар» бар. Қызметі – 20 000 теңге. Жолдаманы оп-онай аласыз. Жемқорлық араласқаннан кейін кезегі жақындап қалған ана кері

ысырылады, – дейді көпбалалы ана Толқын Ізбасарқызы.

Ал, «Электронды Үкіметтің» балабақшаға қатысты құжатты көп сұрамайтыны аналардың жұмысын жеңілдеткен.

– Қазір балабақшаға баланың туу туралы куәлігі және денсаулық қажатын тапсыру жеткілікті. Оған қоса әскерилер мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға жеңілдіктер қарастырылған, – дейді әскери қызметкер Айгерім Қомарова.

Білім басқармасының мамандары жолдан қосылған «помогайкалармен» күреске кіріскен.

– Барлығы «Индигоның» электронды түрде автоматтандырылған техникалық көмек көрсететін бөлімінде көрініп тұрады. Балалар құқығының бұзылмауы үшін қазіргі таңда «помогайкалармен» күрес

«Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Алайда, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жартысынан астамы ғана балабақшаға барады. Мұндай олқылыққа жол беруге болмайды. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өзі ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан, балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет».

Қазақстан Республикасының Президенті,
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

судеміз. Алдағы уақытта баланың анасы ғана кезекті бақылап, орын алатындай қызмет түрін қосамыз. Барлығы бір телефон нөмірін тіркеу арқылы жүзеге асады. Осылайша балабақша кезегін азайту мақсаты көзделген, – дейді білім басқармасының бас маманы Әсел Тәуекенова.

«Балабақшаға қашан барамын?»

Осы сұрақтың астына алған баланы қашанғы алдайсың? Оны алдағанша, кезекті реттеудің оңтайлы жолын қарастырып, жергілікті білім басқармалары тарапынан бақылауда ұстау тиімдірек. Кезектің реті сақталмаса, біраз бала үйде отыратыны анық.

Балабақша мәселесіне тоқталған Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев бірінші кезекте тәрбиешілердің еңбекақысы 30 пайызға артатынын айтқан.

«І қыркүйектен балабақшаға баратын аз қамтылған отбасылардағы 97 мыңнан астам бала тегін тамақпен қамтамасыз етілді. Балабақшада 30 мың орын ашылып отыр және жыл аяғына дейін 51 мың орын ашу жоспарланған. Қазіргі кезде балалардың 89 пайызы (2-ден 6 жасқа дейінгі) қамтылған. Жыл соңына дейін кезектілік мәселесі бойынша бірыңғай база іске қосылады», – деген болатын министр.

Пилоттық режимде жұмыс істейтін жоба қаңтарда жүзеге асса, балалардан сүйінші сұрайтын күн келер. «Осы айда жалақымыз өседі» дейді тәрбиешілер. Ал, әзірге 2-6 жасқа дейінгі 15 271 бала кезек күтіп отыр. Нақтырақ айтсақ, облыста мектепке дейінгі тәрбие беретін балабақшаларда 15 000 орын жетіспейді.

• ҰЛТ ПЕН РУХ

Қоршаған орта

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

(Басы газеттің №№ 86, 89, 92, 95, 100, 103, 106 сандарында)

Ұрпақтар сабақтастығы. Жаңа поэзия

Алдыңғы толқын ағалар мен кейінгі толқын інілердің арасындағы ұрпақтар сабақтастығы үзіліп бара жатқан жоқ. Он бесінші ғасырдағы жыраулар жырынан Махамбет туды. Ұлттық эпос қазақтың қара өлеңін дүниеге әкелді. Абай, Мағжан, Ілияс, Қасым – қазақ жырындағы алпысыншы жылдардағы ренессанстңн табан тірер тұғыры болған. Қазақ жырында өнеге көрсетер тұлға көп. Соған бой ұсынар, өнеге алар ұрпақ болса...

Менің бір таңқалатыным, қазақ әлі өлең жазып жатыр. Ішер ас, киер киімге жарымай...Қазақ жырының ғаламат ға-сыры әлі алда.

Эксперимент

Кейінгі жас толқынан шаршы топ-ты жарып, құбылыс болып тұрған тұлға-ны көре алмай отырмын. Қазақ жырына эксперимент жасап, оның мазмұны мен түрін құбылып жатқан біздің буын. Темірханның «Көк түріктер сарынын» алыңыз. Міне, – эксперимент! Жәркен Бөдеш – бүгінгі қазақ жырындағы ірі құбылыс! Ұлықбектің «Киіз кітабы» әрі – дәстүр, әрі – эксперимент! Тыныштықбек Әбдіәкімнің жыры ше? Поэзия – адам аяғы баспаған аралдарға сапар шегу деген сөз! Бұл менің сөзім емес – Маяковскийдің сөзі. Қазақ поэзиясындағы ең ұлы реформатор – Абай. Абайға дейінгі қазақ өлеңді құлағымен тыңдаған. Абай көзбен оқып, көңілде алай-дүлей дауыл тудыратын Ұлы Мәртебелі Поэзияны дүниеге әкелді. Поэзия деген – Ұлттық Рух! Жылтыраған сөз, жарқыраған теңеу, жымы білінбейтін ұйкас емес...

Ақпараттар ғасыры

Бүкіл дүниежүзілік ақпараттар ағыны аласұрған заманда ақын-жазушыға нені оқу керек? Ұлттық һәм дүниежүзілік әде-биеттің інжу-маржанын қайта-қайта сүзіп шығу керек! Гомерден бастап, Әмірханға дейін...

Ағалар мен інілер

Жеңіс Қашқынов біздің өңірден шыққан алғашы ақындардың бірі һәм бірегейі еді. СССР Жазушылар одағы-ның мүшесі. Көзіміздің алдында қара

сол болған. Мені жетектеп жүріп, әде-би ортаға кіргізген Дәуітәлі Стамбеков. Біз елдің бодан кезінде, құдайсыз, ате-ист кезінде ғұмыр кештік. Асан Қайғы, Ақтамберлі, Доспамбеттерден бастап, осы ХХІ-шы ғасырдың басына дейінгі қазақ жырының құлақ күйі азаттықты аңсау болған-ды. Енді заман өзгерді. Дү-ниеге ешкімге құл болмаған жаңа буын, бекзат ұрпақ келді! Тәуелсіздікті сақтап қаламыз ба, жоқ па?! Мәселе – осында. Көкіректе – ащы өксік. Көңілде – алаң ой. Жас буынның Алаш жұртына айтар сөз, ағытар сыры жетеді әлі.

Әлем әдебиеті

Әлем әдебиеті деген ұғымды айна-лысқа кіргізген Гете. Немістің ұлы жыр-шысы ұлтының уызына қанып, тереңіне жүзіп, кемеліне келгенде оның құлағына Құран әуендері шалынады. Біздің қазақта Шыңғыстауда туып, шырқау көкке кө-теріліп, әлем әдебиетіне ат шалдырған – Абай! Әуезов...

Ұлтының құнарынан қуат алмаған пенде әлем азаматы бола алмайды. Аллаға бас имеген, аруаққа арқасы қозып, қазақ әдебиетінің өткелегінен өте алмаған қа-зақ әлем әдебиетінің есігі түгілі, тесігінен де сығалай алмайды.

Әдеби ұрлық – «әдемі ұрлық» па?

«Бір талапкердің топтамасын қарап отырсам, қызды-қыздымен Ұлықбек Есдәулеттің «Түсіме енеді, «Жылқы-ның кісінегені!» – деген өлеңін ұрлап алыпты! Бізден қаншасы ұрлап жатыр?! Құдай біледі...» – деп жазып едім, Ал-матыдан Ұлкаш «Бізден ұрлап, жырлай берсін! Бәрібір бойына сіңіре алмайды. Ең өкініштісі аты-жөні әлі белгісіз талант-ты жастардан ұрлап жатыр! Соларға – обал!», – деп соңынан ерген жас толқынға жаны ашып жатыр.

Әдебиеттегі бір қасірет

Ақыл, парасат, ой-толғам, кісілік, да-рын, талант – басы жұмыр пенде ба-рына Кұдайдан ғана келеді. Басқа ешқай-дан келмейді... Тәңірі санасына санылау, дарын, талант бермеген жазарман басқа Жазушының жазған дүниесіне қарамай-ды: оның сүрінген, бүлінген... кезін аң-дып, сыртынан өсек, гайбат айтып, соған мээ-мәйрам болады...

Өзінің жазғаны түкке тұрмайтын ши-май-шатпақ екеніде жұмысы жоқ. Қаси-

метін атқаратынмын.

– Барсаңыз барып келіңіз. Бі-раз бағдарламаға тұздық болар материалдар әкелесіз ғой! Әрі ақын жанды азаматсыз, қасиет-ті Қарқаралыдан қанаттанып, шабыттанып қайтқаныңыз жөн! – деп әзілдедім де, өтініш құжат-тарына бірден қол қойып бердім.

Бұл – сексенші жылдар-дың алғашқы жартысы еді. Сол жолы ұмытпасам, Матай ағамыз Қарқаралы ауданында екі күн ко-мандировкада болды. Біраз ша-



қалдырмай, ұдайы қамқорлық жа-сап жүретінін талай рет қызмет бабында көрдік. Достары да көп болатын. Бір күні Мөкен:

– Өлеке, Қарқаралы ауданы-на іссапарға барып қайтайын-шы. Ауыл шаруашылығының өзекті мәселелері мені қатты толғандырып жүр, – деді. Ол кезде облыстық радиода бас редактордың орынбасары қыз-

руашылықтардың қордаланып қалған проблемаларын көтеріп, ауыл өңірінен радиорепортаждар топтамасын дайындап, қалаға кеш қайтты.

Ол кезде халықтың баспасөз өкілдеріне, әсіресе журналистерге деген ықыласы тіпті ерекше еді. Содан болар, қонақжай қарқара-лықтар командировкаға келген қарағандылық журналисті «жақ-

етті дүниенің бір қасіреті осы...

Оппозицияның сиқы

Украинадағы Парламент сайлауы тәуелсіз мемлекеттер достастығы ел-деріндегі оппозициялардың жалын бір күдірейтіп кетті.

– Бүгін Украина! Ертең – Қазақстан! Бүрсігуіні – Ресей! – деп мээ-мейрам бо-лып жатыр. «Республика», «Сөз», «Жұма таймс» газеттерін оқысаң, төбе шашың тік тұрады.

Біздің оппозиция малақайын көкке атып қуанғанымен, ол ешқашанда Укра-инадағыдай бүкіл қазақ халқының қолда-уына ие бола алмайды. Неге дейсіз ғой? Ющенко мен Тимошенконың жөні де, жолы да бөлек. Олар Украина халқымен



бірге туып, бірге жасасып келе жатқан Украинаның төл перзенттері! Тілі – украин. Ділі де – украин. Бесікте жатқанда Украин – анасының бесік жырын естіп, бесіктен белі шыққан соң Тарас Шев-ченконың поэзиясымен жан дүниесін суарған!

Біздің оппозицияда ұлт жоқ! Ұлт жөнінде ұғым да жоқ... Ұлт жоқ елде Отан да жоқ! Алаш – ана тілін білмей-тін арамзаның соңынан ермейді. Қазақты отырған орынан көтеретін – Асан Қайғы-ның азалы, Махамбеттің Азаттық, Абай мен Мағжанның Алаш Жыры! Оны біз 1986 жылы Желтоқсан көтерілісінен көр-генбіз!

Біздің оппозиция әлі күнге дейін ұл-тын танымайды! Тілі – бөлек! Ділі-жат! Діні де – біздікі емес, христиан ба, шүр-шіт пе – бірдеңе....Орысша сөйлейтін оп-позицияның қазаққа қажеті шамалы!

Әлемдегі ең таңдаулы

Бүгінгі күн парағында қызықты бір дерек бар екен, еріксіз көз түскен: «Әлемнің 35 мемлекетінде 54 спорт газеттерінің редакторлары мен журна-листерінің қатысуымен ХХІ ғасырдың атақты спортшылар қатарында 15 аза-маттың есімі аталды. Олар: 1. Пеле,

(футбол) – Бразилия; 2. Мұхаммед Әли, (бокс) – АҚШ; 3. Карл Льюис, (жеңіл атлет) – АҚШ; 4. Майкл Джордан, (ба-скетбол) АҚШ; 5. Джесси Оуэнс, (жеңіл атлет) – АҚШ; Дон Брэдмен (крикет) – Австралия; 7. Эдди Меркс, (велоспорт) – Бельгия; 8. Пьер Де Кубертен (олимпиада қозғалысы) – Франция; 9. Джек Никлаус (гольв) – АҚШ; 10. Марк Спитц (суда жүзу) – АҚШ; 11. Пааво Нурми (жеңіл атлет) – Финляндия; 12. Надя Команечи (гимнастика) – Румыния; 13. Пит Сам-прас (теннис) – АҚШ; 14. Эмииль Зато-лек (жеңіл атлетика) – Чехия; 15. Аир-тон Сенна (автожарыс) – Бразилия...

Арасында не орыстан, не біздің қа-зақтан, не украин, не беларусь, өзбектен

бір кісі жоқ! Бұрынғы советтік социа-листік жүйеден румындар мен чехтар бой көрсетеді. Мұсылман дүниесінен Мұхаммед Әли жүр. Оған да құдайға тәу-бе дейсін. Әлемдегі таңдаулы спортшы-лар бұл. Ал, дүниедегі таңдаулы физик-тер, химиктер, математик, кибернетиктер таразы басына түссе күніміз не болмақ?! «Әлемдік әдебиет энциклопедия-сы» деген кітаптан Абай мен Мұхтарды, тіпті, орысша жазатын Олжастың аты-жөнін таба алмай, бір сандалғаным бар еді. Дүниежүзілік әдебиеттегі классик-тер мен терезесі тең қаламгерлеріміз жоқ емес – бар! Бірақ, соларды есепке алып, бізбен санасып жатқан ел жоқ! Мәселе – осында.

Сонымен, дүниежүзілік қауымдас-тықтағы қазақтың орны осындай болып тұр...

Абай айтпақшы, енді не істейміз? Қайтсек, ел боламыз? Қайтіп жұрт қа-тарына кіреміз? Ең құрығанда осы са-уалдарға бас қатырсақ, Тәңірі бірдеңе берер?!

Қазақстанның қазба байлығы

Юнеско Қазақстанның қазба бай-лығы 1 млрд. адамды асырай алатынын айтқан екен! Сол рас па?!

мақтанышпен еске алды.

– Бағдат екеуіміз бір мектепте оқыдық, өленді ерте тастап кетті! – деп өкініді Ақсұңқарұлы. Сөз ке-зегі маған келгенде Бағдат дүние салған күнгі оқиғаны еске алдым.

Қайғылы хабарды ести сала, те-леарнадағы бір топ жігіттер көңіл айту үшін шаңырағына келдік. Көпқабатты үйдің кіреберісінде жүздері сынық 4-5 адам әңгімеле-сіп тұр екен.

– Қайтыс болған Бакеннің үйі осында ма? – деп сұрадық.

– Иә, ішке кіре беріңіздер. Төртінші қабаттың он жағындағы есік, – деді әлгі жігіттердің бірі.

– Дұрыс келе жатырмыз ба? – деді, Көкен үшінші қабатқа кө-терілгенде.

– Бағдат марқұмның үйінде екі-үш рет болып, Гүлнисаның қолынан күрең шайын ішкенмін! Бағытмыз дұрыс, тарта бер, Кәке! – дедім соңынан еріп. Айтылған пөтерге келсек, есігі ашық, кісілер кіріп-шығып жүр. Аяқ киімізді шешіп, төр бөлмеге шықтық. Жер үстелдің айналасында бес-алты адам жайғасыпты, шамасы ауыл-дан келген болса керек. Үнсіз отырғанымыз дұрыс болмас деп, көңіл-ниетімізді білдіре бастадық.

– Бакен деген жақсы азамат еді! Ажалға кім қарсы тұрады дей-сіз! Өттең, жас кетті ғой! – деді, дастарқанға жақындай түскен Жа-зылбек бауырым.

– Құдайдың берген жасын жа-сады! Тіпті, жас кетті деп айта алмаймыз. Балаларын ер жет-кізді, немере сүйді. Алла Тағала бәрімізге осындай жас берсін, қарактары! – деді есік жақта отырған ақсақал таяғымен жер шұқып.

– Мұнысы несі-ай! Бағдат аға-мыз 60-қа да толған жоқ ғой! – деп іштей шалдың айтқан сөзінен «тіксініп» қалдық. Айналамызға қарап қоямыз. Бакеннің жұбайы Гүлниса жеңгем көрінбейді. Біз

Біз неге кедейміз ендеше?! Бар-жоғы – 17-ақ миллионбыз ғой!

Омбыдағы орыс келіншегінің өлені

Осыдан жиырма шақты жыл бұрын болған оқиға еді. Омбыдағы қазақ ауылы-на бір айтыс шәйірі келіп, қыз-қыр-қын, кемпір-шалға тнісіп, жағалай өлең шығарғанда ойдағы орыс елінен осы ауылға келін болып түскен Наталия Ива-новна Семенова (өзі орыс әдебиетінің мұғалімі екен), домбыраны қағып-қағып жіберіп, былай дейді:

Аха-оу!
Ақынсүрей, домбырашы дуананы,
Көрсө қазақ неге осы қуанады?
Частушкашы маржа көп біздің елде,
Соның көбі осы елдің құдалары.

Қара мына домбырашы дуананы,
Келе сала қазағын қуалады.
Қосса осыны сондай бір құдашаға,
Жабар еді Омбыны құмалағы...

Елі – кедей, қонды өзі, – жуан әрі,
Қандай жын кеп арқасын дуалады?
Шығармайды төріне біздің орыс,
Мұндай надан, топас бір дуананы...

Біздің шәйір домбырасын салып-са-лып жіберіп, қарымта қайтармақ болған екен. Келіннің сексендегі атасы:

– О, найсап! Исі қазақты жерге қарат-тын-ау! Иди к черту! – деп, үйден қуып шығыпты. Сөйтіп, айтыс болмай қалған. Ең өкініштісі осы. Айтыс жанрын зерттеп жүрген бір топ ғұламаларымыз сөз до-дасының озық бір нұсқасынан айрылып қалғандай, әлі күнге дейін қапа болып жүрген көрінеді.

Қазақ пен ғалам

Бізге17 миллион жапон не соған же-текабыл (бүгінгі Қазақстан тұрғындары-ның санындай – С.А.) қытайды әкелсе, Қазақстан әлемдегі ең бай, арабтардың да түсіне енбеген бай-қуатты мемлекет болып кетер еді! – деп жазды Ахметбек Нұрсила ФБ-дағы парақшасында. Сол-ақ екен, «Сен Қазақстанға қалың қытайды неге шақырасың?», «Айдаладағы арапта нең бар?!» – деген жұрт өре түрегелді!

Сол кезде «Қытайдағы екі миллион қазақты солтүстігімізге, солтүстігіміз-дегі 2 миллион қазағымызды Қытайға көшіріп, он шақты жыл бір эксперимент жасап көрсек қайтер еді? – деп мына жақтан мен шықтым, – Сонда Қытайдан келгендер қазақша білмейтін қазақ түгілі, осындағы ормандай орыстың өзін қазақ-ша сөйлетпесе, Қытайдағы қандастары-мыз орысшасын да ұмытып қалып, қы-тайша сайрап кетпесе, менің қолымды алмай-ақ қойыңыз!»

(Жалғасы бар)

• «SARYARQA» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 65 ЖЫЛ

Күміс күлкі

«Восток» па, әлде «Юго-Восток» па?..

Есімі облысымызға жақсы та-ныс, ақын-сатирик, журналист Матай Айнабеков біраз жыл Қа-рағанды облыстық радиосында редактор болып жұмыс жасады. Өмірінің соңғы он жылын «Ор-талық Қазақстан» газетінде өт-кізді. Ағамыз жаратылысынан ақкөңіл, өтірік айтуды білмейтін, бала мінезді аңғал болатын. Бірақ, жұмысына тиянақты еді. Көмек сұрап келген кісілердің көңілін



қалдырмай, ұдайы қамқорлық жа-сап жүретінін талай рет қызмет бабында көрдік. Достары да көп болатын. Бір күні Мөкен:

– Өлеке, Қарқаралы ауданы-на іссапарға барып қайтайын-шы. Ауыл шаруашылығының өзекті мәселелері мені қатты толғандырып жүр, – деді. Ол кезде облыстық радиода бас редактордың орынбасары қыз-

руашылықтардың қордаланып қалған проблемаларын көтеріп, ауыл өңірінен радиорепортаждар топтамасын дайындап, қалаға кеш қайтты.

Ол кезде халықтың баспасөз өкілдеріне, әсіресе журналистерге деген ықыласы тіпті ерекше еді. Содан болар, қонақжай қарқара-лықтар командировкаға келген қарағандылық журналисті «жақ-

сылап» күтіп, тоя тамақтандырып, түңделетіп шығарып салған ғой! Далада күн болса суық. Са-рыарқаның сақылдаған сары азызы бет қариды. Жолда келе жатқанда облыстық телевидениеге жана-дан қызметке тұрған Қасым деген шофер жігіт қазіргі Бұқар жырау (бұрынғы Ульянов) ауданының орталығы Ботақара кентінен өте бере, Мақеннен қайда тұратынын сұрап, үйіне жеткізіп салмақ бо-лады. Сағат түнгі 12-нің шамасы болса керек, жыл-жылы машина-ның ішінде манадан бері маужы-рап, ұйқылы-оюу отырған Матай ағамыз: «„Юго... Востокта тұра-мын, Строительный көшесінде...» – депті. «Юго ...Восток» дегенді әлгі шофер бала «Восток» деп ұғыпты.

– Аға, ертерек айтпайсыз ба? Қанша жерге келгенімізді білесіз бе?! Тіпті, Қарағандыға жақын-дап қалдық емес пе?!... – деп қатты ашуланыпты да, сол жерден кері бұрылып, Қарқаралы ауданының жолда қалған, 100 шақырым жер-дегі «Восток» совхозына бөріне тартқан ғой. Тізгіншінінің сөзіне онша мән бермеген Мақең басын бір ізеп, жайлы орында жайғасып отыра беріпті.

Содан түнгі сағат екілерде атақты Кәкім Зәкішев ағамыз басқаратын «Восток» совхозы-на келіп, Строительный көшесін іздесін-ай!! Ауылда ондай көше қайдан келсін! Ана үйдің, мына үйдің шарбағынан секіріп, енді бірінің есігін қағып, қайсы бірінің итіне таланып әбден шаршаған шофер машинасына қайтып келсе, Мақең сыртқа шығып, темекісін тартып тұр дейді.

– Әй, бауырым-ау! Қайда жүр-сің, не іздеп жүрсің? – депті.

– Не іздеуші едім, сіз тұратын көшені, көпқабатты үйді іздеп жүрген жоқпын ба?! – деп алақа-нын жайып, ашуланыпты.

– Е..е...солай де.!. Ендеше, ашу-

ланба бауырым! Ағаннан бір әбес-тік кеткен шығар, мен тұратын көшені даладан емес, енді қаладан іздейік,– деп еріксіз езу тартыпты Мақең.

Жолда келе жатып жүргізуші, Матай ағамыздың «Юго-Востоко» мөлтек ауданындағы мекенжайын жаңсақ естігеніне қатты өкініпті. Құлағы онша ести қоймайтын әлгі жігіт, жаратылысынан қожанасы-рлау болатын. Әйтеуір, аман-есен таң ата қалаға жетіп, Қарағанды-дағы Мақең тұратын құтты шаңы-рақтың құлпын ашқан көрінеді.

Байқамай, басқа үйге барыппыз

Ел газеті «Егемен Қазақстан-ның» Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болған, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, қарымды журналист – Бағдат Мекейді ажал арамыздан ерте алып кетті. Көп ұзамай сүйік-ті жары Гүлниса да көз жұмды.

Соңында қалған ұл-қыздары әкесінің өмірден өткеніне 10 жыл толуына арнап, «Аруана» көмха-насында ас берді. Оған Бакеннің көзін көрген дос-жолдастары, бірге оқыған қурастарары, Астана мен Алматыдағы әріптестері және ағайын-туыстары жиналды.

Дастарқан басында «Дар-ын» мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазіргі «EGEMEN QAZAQSTAN» газетінің Бас ре-дакторы Ғабит Мүсіреп, сол кезде-гі ҚР Бас прокурорының баспасөз хатшысы Серікқали Мұқашев, Арқаның ақиық ақыны, Мемле-кеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлы, Қазақстанның Құр-метті журналисі, жазушы Сүйіндік Жанысбай естеліктер айтты. Ғабит Мүсіреп кешегі қайта құру жылда-ры газет бетінде Бағдаттың көтер-ген проблемалық материалдарын тілге тиек етсе, Серікқали бауыры-мыз оның рухани інісі болғанын

**Әлі ТОЙЖІГІТ,
Қазақстанның Құрметті журналисі**

• «ҚАЗПОШТА» ҚЫЗМЕТІНЕ – 30 ЖЫЛ

Уақытпен үндескен үйлесім

«Қазпошта» АҚ-ның облыстық филиалы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына өзінің сүбелі үлесін қосуда. Қала мен ауылдық елді мекендерде пошта және қаржы қызметін көрсетуде сенімді оператор ретінде өзін танытып үлгерді. 1993 жылдың қазан айында байланыс торабынан бөлініп шығып, дербес әлеуметтік құрылымға айналды. 1999 жылы акционерлік қоғам болып құрылып, қызметімен ел аумағын қамтитын ұлттық операторға айналды. Дамудың даңғыл жолынан өткен «Қазпошта» бүгінде қала, аудан-ауылдарда пошталық, қаржылық және логистикалық бағыттағы қызметті мойнына алған. Аймақтағы филиалға қарасты ірі 13 бөлімше әлеуметке сапалы да, қолайлы қызмет түрлерін көрсетіп келеді.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2004 жылы бөлімше ресми түрде «Қазпошта» АҚ-ның облыстық филиалы болып бекітілді. Аймақтағы пошта индустриясы қазіргі таңда түбегейлі өзгерістер үстінде деп айтуға толық негіз бар. Электронды коммерция саласы дамыған, сәлемдеме жіберу көлемі өскен.

– Күнделікті тұтынушыға қажетті сапалы қызмет түрлерін көрсетуге баса назар аударып келеміз. Алдымен, облыс халқына кең көлемде қаржы қызметін көрсетеміз. Коммуналдық төлемдердің барлық түрлері, шоттар бойынша қызмет көрсету, ақша аударымдары, валюта айырбастау, екінші деңгейлі банктер қызметін қабылдау, сондай-ақ, түрлі айыппұлдар төлеу қызметтері бар. Одан бөлек, жыл сайын жаңа технологиялар жетістігін де пайдаға жаратудамыз. 2014 жылы сәлемдеме жіберудің автоматтандырылған терминалы – «Постамат» енгізілді. 2015 жылы ел ішіндегі барлық бағыттар, кейіннен Ресей Федерациясы аумағы бойынша теміржол билеттері сатыла бастады. 2016 жылы ЭКСПО-2017 көрмесі аясында авиабилеттерді сатуды қолға алды. Жалпы, филиалдың дамуында жұмысына адал, түрлі қиындықтарға төтеп берген қызметкерлердің еңбегі зор, – дейді «Қазпошта» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары Ғылымбек Орынбекұлы.

Аймақ филиалы қаржылық, агенттік және пошталық қызметтерді жүзеге асыруда. Қаржылық қызметке түрлі төлемдер қабылдау мен ақша айырбастау және аударымдар кіреді. Агенттік қызмет – екінші деңгейлі банктер арқылы тұтынушыға несие рәсімдеу. Ал, пошталық қызмет арқылы сәлемдемелер, онлайн коммерция қызмет түрлері көрсетіледі.

Бүгінде «Қазпоштаның» стратегиялық жоспары аясында модернизациялау, трансформациялау



жұмыстары кеңінен қанат жайып, нәтижесінде пошта қызметі қосымша қызметтермен толыққан. Атап айтқанда, Қарағанды қаласында «Сәлемдеме супермаркеті» жобасы іске қосылды. Дербес қызмет көрсету алаңында тұтынушылар кез келген уақытта сәлемдемелер алып, жөнелтуге мүмкіндігі бар. Заманауи технологиялар негізінде e-commerce қызметі белсенді дамытуда. Сондай-ақ, ірі жобалардың бірі – post.kz қызметі. Онлайн қызмет түріне негізделген. Яғни, мобильді қосымша арқылы сәлемдемелерді бақылауға мүмкіндік алады.

– «Қазпоштада» электронды пошта арқылы хат-хабарларды қабылдап және жөнелтуге негізделген гибриді электронды пошта, сәлемдеме, халықаралық ақша аударымдарын жүзеге асыруға болады. Жеделдетілген хаттарды қабылдау және жеткізу, жеделдетілген ақша аударымын жасайтын қызметтер де бар. Сонымен қатар, біздің кез келген бөлімшеде «Kaspi Gold» картасын да толықтыруға болады. Шағын сәлемдемелерден бастап, ірі көлемдегі тапсырыстарды жеткізуде тұты-

нушылар үддесінен шығып отырмыз. Қызметкерлер өз жұмыстарына асқан жауапкершілікпен қарайды. Сондықтан, хат-хабар мен сәлем-сауқат жеткізуде басқалардан бәсіміз басым, – дейді «Қазпошта» АҚ облыстық филиалы директорының орынбасары.

Үлкен реформадан өткен бұл саланың қоғам игілігіне тигізіп отырған пайдасы ұшан-теңіз. Еліміздегі ұлттық пошта желісінің жалғыз операторы. Сонымен қатар, компания агенттік қызметтерді дамытуға басымдық береді. Әсіресе, шалғай елді мекен тұрғындары үшін пошта қызметінің қолжетімділігін арттыруға баса мән беріп келеді. Мәселен, теміржол, әуе билеттерімен қатар екінші деңгейлі банктердің қызметін пайдалану үшін қалаға барып, уақыт жоғалтпайды. Жергілікті жердегі пошта қызметі арқылы жүзеге асырады.

– Бүгінде аймақтағы 121 бөлімше қызметі автоматтандырылған. Сол арқылы билеттер сату, автосақтандыруды жүзеге асыру, «Бірінші кредиттік бюро» қызметін алу, екінші деңгейлі банк өнімдерін ұсыну және «От-

басы банкінде» депозит рәсімдеу қызметін де көрсетіп келеміз. Тағы бір айта кететін жайт, «Қазпошта» арқылы онлайн сауда дамууда. Ірі онлайн сауда дүкендер желісінен тапсырыс берушілер қатары артқан. Электрондық коммерцияда сенімді компания ретінде танылып отыр, – дейді

сату бөлімінің басшысы Зауреш Түсіпова.

Қазіргі уақытта аймақта 33 банкомат жұмыс жасайды. Автоматтандырылған байланыс бөлімшелерінде 357 POS-терминалда төлем карталары бойынша қызмет көрсетіледі. 220-дан астам байланыс бөлімшелерінде 172 ұйым қызметкерлері жалақы, 5200 адам төлемақы, 63 492 адам зейнетақы мен жәрдемақы алады. 22 пункт валютасатып алу және сату қызметтері көрсетіледі.

«Қазпошта» АҚ – тек хат тасымалдау, қаржылық қызмет түрлерінен бөлек баспасөзге жаздыру науқанын ұйымдастыратын бірден-бір әлеуметтік құрылым. Жыл бойына оқырмандар санын арттыру мен оларға мерзімді басылымдарды дер кезінде жеткізуде есепті еңбек етіп келеді. Алдағы уақытта қызмет көрсету аясын кеңейтуде жоспарлы міндеттерді жүзеге асырмақ.

Алыс пен жақынды бір-біріне берік байланыстырып, адам баласының күнделікті қажетіне жарап отырған пошта қызметі қоғамның қай саласында болсын алатын орны ерекше.

өркен жайған. Өрісін ақбас сиыр мен Қамбар ата төліне толтырған. Ертеректе түрлі қызметке шақырту түссе де, ауылынан алыстағысы келмеген азамат ел мақтанына айналған.

– Ауылдан өсіп-өнеді екенбіз, ал ауыл басына қиындық орнағанда тастап кетсек, не боламыз? Топырағының қастерін сезінеді екенбіз, бір тал еге алмасақ, қайт-

кеніміз? Жалпы, жалғыз адамның қолынан ештеңе келмейді. Ауылдағы фермерлерге шексіз ризашылық білдіру керек. Ұсынысымызды қолдап, көмек қолын созған, демеушілік көрсеткен оларға көптің алғысы жаусын! Жасыратыны жоқ, жаз бойы алаң күйде жүрдік. Кім келе қояды деп шалғайға. Бірақ, жанымызды салып, жұмыла кірістік. Жұмысқа орналастырдық. Ауылымыздың тамырына қан жүгіре бастағандай. Тіршілік қызу. Бізде бір ғана ой бар – ауыл дамыса, ел өркендейді, – дейді игі істің бастамашысы Рамазан Мұқатайұлы.

Нұра ауданы

• ӨНЕРКӘСІП

Қарағандылық кәсіпорын таң қалдырды

Қарағандылық өнеркәсіптік кәсіпорындардың жұмысын бағалау үшін шетелдік сарапшылар ат басын бұрған еді. Осының арқасында қарағандылық «Maker» компаниясы сапаласындағы ТМД сыйлығын алу конкурсына қатысады.



Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ендігі уақытта Қарағанды құю-машина жасау зауыты – «Алтын сапа» Президент сыйлығының үміткері.

– Қарағанды құю-машина жасау зауытының жалпы жұмысына, ондағы жұмысшылардың ерен еңбегіне сырттай баға бердік. Жұмыс қарқыны мен сапаға мән беру мақсатында, міне, өзіміз әдейі келдік. Бұдан бұрын аталмыш компания туралы берілген мәліметтер қаншалықты шындыққа сәйкес келетінін тексереміз. Біз өндіріске қатысты барлық тізбектен өттік. Саңдық басқарылатын станоктар орнатылған металл өңдеу цехының жаңа жабдықтары

және дайындалған кадрлар таң қалдырды, – деп атап өтті ресейлік сарапшы Сергей Чертов.

Ал, Тәжікстаннан келген сарапшы Тохира Нуруллозода компанияда өте ұйымшыл конструкторлық құрам жұмыс істейтінін атап өтті.

Сондай-ақ, кәсіпорынның тәлімгерлік тәжірибесі де ескеріліп қалмады. Бұл – жас мамандарды даярлауда оң әсерін беретін жақсы көрсеткіш. Келген комиссия мүшелері кәсіпорында тоғыз өлшемшарт бойынша бағалады. Олар өнімнің сапасына, техникалық жабдықталуына, персоналдың жұмысына ерекше назар аударды. Байқаудың негізгі қорытындысы 2024 жылдың желтоқсанында анықталмақ.

ҚАРАҒАНДЫ

• ҚҰРМЕТ

Қариялар – қала тарихының куәсі

Саран қаласында қазынаға айналған қарттардың мерекесінде алпысты алқымдаған ел ағалары мен тыл ардагерлері, еңбек ерлері, ардагер ұстаздар мен кеншілер, қаланың қалыптасуына үлес қосқан жандар бас қосты.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қаланың жандануына бірден-бір үлесі бар бұл қариялар – қала тарихының куәлары әрі қазынасы. Біздің қарияларымыздың кез келгенінен қала тарихын сұрасаныз, тізбектеп айтып, тәптіштеп түсіндіреді. Міне, тарихтан сыр айтатын және келер ұрпаққа үлгі болатын осындай

қариялары бар қала тарихы ешқашан өшпейді, – деді қала әкімі Еркін Баулықов.

Жиналған қауым Саран қаласы мәдениет үйінің жас өнерпаздары ұсынған концерттік бағдарламаны тамашалады. Сондай-ақ, «Мудрость» ардагерлер хорының орындауында бірнеше шығармалар ұсынылды.

САРАН

• ЭКОНОМИКА

Газбен жабдықтау жалғасуда

Қарағандыда газдандырудың бірінші және екінші кезектегі іске қосу кешендерінің құрылысы толық аяқталды. Алдағы уақытта 4 166 абонент орталық газбен қамтылды. Газдандыру жүйесі жалпы 2 852 үйге тартылмақ. Қарағандылық тұрғындар газдандыру жүйесіне көшуге қаншалықты белсенді? Бұл туралы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қарағанды филиалында баяндады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Газ біздің өңірге Қызылорда облысынан келеді. Атап айтқанда, «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры арқылы «Қараөзек» компрессорлық станциясынан. Қарағандыға дейін газ құбырының қашықтығы 810 шақырымды құрайды. Ал, бір текше метр үшін газбен жабдықтау тарифі әлі де 38,99 теңге көлемінде, – дейді «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қарағанды өндірістік филиалы Халыққа қызмет көрсету жөніндегі операциялық қызмет бастығының міндетін атқарушы Манас Баймамыров.

Манас Баймамыровтың айтуынша, 2023 жылдың қыркүйе-

гінде Қарағандының 241 тұрғыны газбен жабдықтау желілеріне қосылуда ниет білдірген-гін. Жалпы статистикаға сүйенер болсақ, биылғы қаңтар-қыркүйек айлары аралығында Қарағандыда газбен жабдықтау жүйесіне 793 үй қосылған. Жыл соңына дейін тағы 200-ден астам үйді желіге қосу жоспарда көрінеді.

Газбен жабдықтауға қосылу үшін техникалық шарттарды тегін алуға болады. Ал, бұл үшін қажетті құжаттардың тізімі ktrg.kz сайтында бар. Техникалық шарттар өтініш тіркелген күннен бастап, бес жұмыс күн ішінде беріледі.

ҚАРАҒАНДЫ

• АЛТЫН БЕСІК

Тікенектігі көш келді

Көп ауылды елжанды азаматтар аман алып қалып отыр. Әйтпесе, шалғайда қараусыз қалған елді мекен көп. Дәл осындай Нұра ауданына қарасты Тікенекті ауылындағы тоғызжылдық мектептің есігіне қара құлып салына жаздады. Рамазан Әбілдин бастаған ауыл атқамінерлері әр өңірден он отбасы көшіріп әкеліп, елінің керегесін кеңейтіп отыр. Игі іс өз жемісін берді. Көшпен бірге мектепке бала келді, мұғалім келді.

Қасымхан БҰРҚІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тікенекті ауылы аудан орталығынан әжептәуір қашық. «Шұбаркөл көмір» кен орнына жақын. Мұндағы шаруашылықтар ауылына шаарапатын төгіп отыр. Түтін санын көбейтіп. Өткен жылы екі отбасы көшіріп әкелсе, биыл он отбасыны ауылдағы ағайын үлкен ықыласпен қарсы алды. Тегін үйге қоныстандырып, оны жаңартып алуына қолғабыс берді. Алдына мал салып, жұмысқа орналастырады. Малына жем-шөпті де тегін үлестіреді. Көмірді де түсіріп берді. Осылайша, шаруашылық иелері ауылдарындағы берекелі тірлікті жалғап отыр.

Биыл мектептен тоғыз бала оқу томамдапты. Мектепке бала бармаса, өкінішке орай, жабылады. Жазда ауылдағы ел-жұрт жиын өткізіп, ел көшіріп әкелуге келіседі. Мұндай игі істің басында жүрген ауыл жанашыры, аудандық мәслихат депутаты Рамазан Әбілдин жан-жақтан көпбалалы отбасыларды қарастырады. Бір жағынан мектепке мұғалім де қажет. Осыны негізге алады.

Он отбасы Астана қаласынан, Жезқазғаннан, Қорғалжыннан және Баршың, Жүкей ауылынан көшіп келген. Көшіп келгендердің арасында жас отау да бар. Ерболат



пен Ажар есімді екі жас Астанадан көшіп келген. Ажардың жоғары білімі бар. Қазір бастауыш мектеп мұғалімі.

Ал Қорғалжыннан көшіп келген Қанат Мұзбаевтың шаңырағында жеті бала бар. Барлығы мектепке орналасты. Астанадан қоныс аударған Ұлболсын Серікбайқызы тарих пәнінен, Жезқазғаннан келген Береке Тасыбекова физикадан сабақ береді.

Жүкей ауылынан көшіп келген Уәлихан Оразғалиұлы қазір ауылдағы шаруашылықтың бірінде жұмыс істеп, нәпақа тауып жүр. Жұбайы Әйгерім әзірге баламен үйде отыр.

– Бес баламыз бар. Бұрын

Шөбімізді, көмірімізді түсіріп берді. Ауыл халқы тату екен. Жомарт жандар көп, жылы шыраймен қарсы алды, – дейді Әйгерім Серікбаева.

Шағын ауылда ауыз су үйге дейін келіп тұр. Ұялы байланыс бар. Интернет желісіне қосылған. Ауыл халқының қаражатына салынған мешіт бар. Ауыл жанашыры Рамазан Әбілдин ауылына өз қаражаты есебінен мәдениет үйі мен дискотека тарту еткен. Онымен қоса, ауылдағы аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себетін үлестіріп отырады.

Рамазан Мұқатайұлының шаруасы шалқыған. 2001 жылы ашқан шаруа қожалығы бүгінде



• ТАНЫМ

Хақиқат һақындағы хикаят

« – Саржан. Жарым, жалғызым. ...Ақыры, қайта көрістік-ау!.. Арада сегіз жүз жыл өтсе де, мені бірден таныдың. Иә. Мен – сенің мәңгілік қосағың Айсұлу бегім. Сен... хан ұлы едің. Орысқа үрей, қыпшаққа мерей туған, күн беттегі бұлғармен анда болған, түнбеттегі мажармен құда болған, абыйрой-атағы аспанды шарпыған Көбек ханның ортаншы ұлы. Аған ел бастады. Інің қол бастады. Ал сен... биліктен де, ерліктен де бас тартып, бабаларыңның аруағын әйгілеген бәдізші болуды қаладың». Әдебиет әңгімесін қаламгер М.Мағауиннің «Қыпшақ аруы» хикаятындағы Ұмай текті Қыпшақ аруының сөзімен ашып отырғанымыздың жығылмас дәлелі, әділ себебі бар. Ол – әркімнің өмір сүруге құқығы! Адам болып өмір сүру – Ұмай Ананың қазаққа аманат еткен заңы.

Мағауин хикаятының негізгі кейіпкерінің бірі – «Қыпшақ тас мүсіндері» кітабы, жазушының сүйікті серігі. Хикаятта Москваның «Наука» баспасынан 1974 жылы шыққан «Половецкие каменные изваяния» кітабының авторы С.А.Плетнёваның есім-сойы неліктен «С.А.Половцева» болып өзгертілген?

Әлде, жазушы хикаят жанры болған соң кітап авторын жазбақ тақырыбына сай қазаққа бір табан болса да жақындата түсейін дегені ме? Әлде, Мағауин оқырманға археолог Плетнёваның «Половцы» атты еңбегін оқысын деп сілтеме жасағаны ма? Әйтеуір, автор хикаят мәтінінде оқырыманды «половцы» тақырыбымен бірнеше мәрте жолықтырып бағады.

Хикаятта автор батыс қыпшақ хандары Кобяк пен Кончакты еске салумен бірге өзінің кейіпкері мүсінші Саржан Көбековке Алматыда жүріп жатқан Бородинның «Князь Игорь» операсын қайта көруге кеңес береді. Автор астаналық қойылымды тәп-тәуір дей келе, операның өзін өткен дархан өмірдің жүдеу көлеңкесі ғана деп бағалайды.

Мағауин дұрыс байқаған. Тарих жайын сөз еткен басқа қойылымдарды да өткен өмірдің «жүдеу көлеңкесі», «сүреңсіз суреті» деуге заңды негіз бар. Өйткені, тарихты жасайтын да, жазатын да адам баласы. Әркімнің мақсаты өз керегінде. Өзіне керегін күлшелі бала қылып суреттесе, керексізін ұқсынсыз қылып, құр сүлдерін қалдырар. Сөзіміз дәлелді болсын, хикаяттағы князь Игорьге қатысы бар бір суретті біз де сөйлетейік.

Сурет – ресми дерек, анық дәлел деп танырлық дүние. Құнды құжат 1964 жылы «Просвещени» баспасынан шыққан В.Ивановтың «Орыс тілінің тарихи грамматикасы» кітабының 31-бетінде жүр. Суреттің атауы: «Страница первопечатного текста «Слова о полку Игореве». Көне жырдың алғаш 1800 жылы басылған мәтінінің бірінші беті. Алғы беттегі (а) таңбасымен белгіленген бірінші сілтемеде князь Игорь 1151 жылы 15 сәуірде туғаны аталған. Мағауин хикаятында қыпшақ ханы Көбектің ұлы Саржан бәдізші 1153 жылы туыпты. Қыпшақ аруы Айсұлуға үйленген 1173 жылы Саржан 20 жасқа толған еді. Князь Игорь мен бәдізші Саржан – заманы бір құрбылар. Тағдырлары да ұқсас. Саржанның 13 жылдан кейін құрсағына сәуле қонған жұбайы Айсұлу 1186 жылы баладан кетеді. Жаңағы сілтемеде князь Игорь 1184 жылы Галицян князі Осмомысльдің қызы Евфросиньяға үйленгенін айтылады. Ғалым П.Голубовскийдің «Печенеги, торки и половцы» зерттеуінде Игорьдің бес ұлының үлкені Владимир 1185 жылы хан Кончактың қызына үйленген деген. Бұл дерек князь Игорьдың 1184 жылы Евфросиньяға үйленбестен бұрын үйлі-баранды болғандығына дәлел, айғақ. Алайда, суреттегі сілтемеде Игорьдің қыпшақ әйелі хақында бір сөз де айтылмаған. Көне «Игорь полкі туралы» жырында да князь Игорьдің нағашы, қайын жұрты екендігі жайлы айтылмаған.

Князь Игорьдың хан Кончакпен құда болуының тарихының тамыры тым тереңде екендігін А.Асовтың «Тайная история русского язычества» атты еңбегі аңдатады. А.Асовтың дерегіне сай IX ғасырдағы бірінші князь Игорь Түмен Тархандағы (Тмутаракань – салалық төлеуден босатылған қаланың қанаы) половец ханының Ульджай атты қызына үйленіпті. XII-ғасырдағы князь Игорьдың атасы Черниговтік Олег, 1083-1093 жылдары Түмен Тарханда билік құрған. Әдебиетте осы Олегті орыс княздерінің тақ таласы, жанжалында әрдайым половецтарды көмекке шақырып отырға-



Коллаж жасаған Айбек Рахымов

ны үшін «Гориславович», – деп атап кеткен. Гориславович – күйік, қайғы мағынасында. Кінә Гориславович емес, заман заңында болатын.

Гориславовичтің кезінде қалада да, далада да «аванкулат» заңы үстемдік құрған. Заңның атауы латын тіліндегі «Avunculus» сөзінен өрбіген, тікелей мағынасы «кішкентай ата», «анасының ағасы» – нағашы. Ағасы үшін қарындасының ұлы өзінен туған ұлдан жақын саналған, жиені үшін нағашысы өзін жауапты деп есептеген. Өйткені, ата-ана үйінде ағасы қарындасына тәрбиеші, ақылшы ретінде қызмет көрсетсе, қарындасы тұрмыс құрғанда нағашысы жиені үшін аталық рөлін атқара отырып, әрдайым оған көмекке келген. Аға мен қарындас – адал сүт емген, құрсақтан егіз жандар, Ұмай ана ұрпағы.

Банту тілінде ана құрсағын «nda» деп деп белгілесе, бір анадан туғандарды «enda» деп атаған. Құрсак терминімен қазақтың Ұмай Ана ұғымы тікелей байланысты. Ғалым Қ.Жұбановтың зерттеуіне сай байырғы қазақ тілінде «Ұ» – болу деген сөз. Адам болу! Қазақ болу! Егіз ұғымның құрсағы – Ұлытау. Шумер тіліндегі «құр» – тау деген мағынаға ие. Қазаққа құрсак болған – Ұлытау! Қазақ Ұлтына пана болған – Ұлытау! Ұлытау – Құрсак ұғымы соннау Қайсак дәуірінен бергі Дешті Қыпшаққа дейін өніп-өсіп жеткен.

Хикаяттағы «Күн беттегі бұғармен анда болған» жолдардағы «анда» – тең адамдар. Бір анадан туғанды тең санаған соң адамзатта бір ру – ұжымда билік екеден балаға емес, екенің ағасына, не болмаса, рудың үлкен кісісіне ауысып отырған. Ғалым И.Дьяконов айтқандай шумерлік Гильгамештің есімі «Bil(g)a-mes-tin» мағынасы «әке жағынан туыс – көшелі кісі». Көшелі өнер иесі әркімнің өмір сүруге құқығының қорғалуын, билікті бір әулеттің иеленіп кетпеуін қадағалайды.

Хикаят хан Көбекті «түн беттегі мажармен құда болған» деп таныстырады. Қазіргі «құдандалы» термині екі түбір сөзден құралған: «құда» және «анда». Бұқар жыраудың «Керей, қайда барасың?» өлеңіндегі: «Абылай алдында бітисең, Құдандалы таныспын. Абылай алдында бітиспесең, Атасын білмес алыспын» деген жолдар құданда заңынан жеткен қағидат. Арғы адамзат бейбіт ғұмыр кешпек оймен құдалық жолын тандаған ғой. Осы бір байырғы тәртіптен мағлұмат берер Т.Әбенәйұлының «Құпия шежіренің құпиясынан» үзінді келтірелік: «Егер жат ру адамдары ұтығымен келіп, енді бір руға кірме болам десе, сол рудың тағы бір қыз алысатын аталасымен құда болып, қан араластыруы шарт. Дәл өзі кірме болатын руға

қыз беріспейтін себебі, ендігі жерде олармен тіке туыс саналады. Ал, екінші бір кіші руға қыз беру жосынын жасамаса, бөрінің сыртынан қарайтын үлкен руға қаңдастық қатынас қалыптаспаған болады да, кірме болу (туыс болу) толымдылығына жете алмайды». Тең һәм тату-тәтті отбасын құруды қалаған қазақ әлі ана бойына бітпеген жан иесіне де құда түскен, оны «қызыл құда» деп атаған. Құда түсу, қалыңмал төлеудің ар жағында халық, тайпа, ұлт, ұлыс болып қалу мақсатында өз ұрпағын дүниеге келтіру қызметі жатыр.

Ғалым Д.Ольдерогте «Советская этнография» журналының 1947 жылғы №1 санындағы «Отбасы және неке тарихынан» деген мақаласында Оңтүстік Африканың банту халқында «лоболо» (қалыңмал) төлеу әдеті әйел затын сатып алу емес, тек жыныстық тұрғыдан жетілген ағзаның өміршен ұрпақ әкелуге қабілеттілігін бір рудан екінші руға сату деп танылғанын айтады. Қалыңмалға адам басы сатылмаған, қыздың рулық атауы (shivongo) сақталып қалған, тек оның құрсағына (mbeleko) біткен «жаңа өмір келтіру» қабілет – қасиеті сатып алу объектісіне айналып, басқа рудың жеке меншігіне ауысқан. Келісім бойынша әйелдің бала табу қасиеті күйеу баланың руына көшкендіктен, оның күйеуі қайтыс болса қыз оның інісіне тұрмысқа шыққан, бұл норманы қазақтар «әменгерлік» деп атайды. Қалыңмалға келген әйел заты бала көтере алмайтын жағдайда қыздың төркіні күйеуге оның орнына басқа қызын қалыңсыз беруге міндетті болған. Екі ру арасындағы келісім бойынша қыз берсе, екінші жағы мал береді. Қазақтың «қалыңмал» сөзіндегі «мал» – келісім, «қалың» – зенгі баба тұқымы сиыр, бұқа. «Қалың» терминіндегі түбір сөз «қа» ертедегі шумерлер тілінің алтайлық тармағына жатады. Өйткені, арғы шумерлер Түркістан мен Қазақ жерінен тым әріде ауып келген, олар өздерінің туған жерінде алғашқы болып тағы сиыр, бұқаны қолға үйреткендер. Мұндай пікірді ғалым Б.Грозный «Вестник Древней истории» журналында жарық көрген (1940 ж. №4) «Доисторические судьбы Передней Азии» атты мақаласында анық айтқан. Грозныйдың пікірі бойынша біздің қолданыстағы «қара мал» термині арғы түркі – шумерлік ономотопеялық «(n) gu (d)» сөзінен бастау алады. Олай болатын себебі, құдалық келісіміндегі негізгі субъект, қызмет атқарушы «қара мал» – бұқа, сиыр. Табиғи тағы жануарды қолға үйрету ісі әлеуметтік, мәдени тұрғысынан қарағанда бала асырап алумен теңдескен. Сол себептен адамның төрт түлік алдында жауапкершілігі артып, оның

бәрін асырау міндетін өз мойнына алуға тиіс болды. Тіліміздегі «күл», «күда» терминінің тамыры осы «(n) gu (d)» сөзінде жатыр. Соңғы «жатыр» сөзі жалпы адамзаттық мифологияда көрініс береді. Мифтік символизмде әйел жатырын, тар құрсақты Нұқ пай-

ғамбардың кемесі (ковчег) ана бастауы саналады. Өсіп, өну – өмір сүру заңы. Сайып келгенде, өмір жосынын жасамаса, бөрінің сыртынан қарайтын үлкен руға жоқ әуел бастан, «Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі, «Мен» мен «менікінің» мағынасы – екі. «Менікі» өлсе өлсін, оған бекі. Шырақтар, ынталарың «менікің» де, тән құмарын іздейсің күні-түнде. Әділеттік, арлылық, махаббат пен – Үй жолдасың қабірден әрі өткенде».

Енді, Абай «үй жолдасын» дегенде қай «үйді» меңзеп тұр деген ойға тоқталайық. Бети бе Коло халқының эвонда тайпасы «nda» терминімен «үй» ұғымын белгілейді. Бұл арада «үй» ұғымы мекен, тұрақ, баспана емес, туыстық қарым-қатынасты анықтайтын құқықтық мағынаға ие, яғни – отбасы, шаңырақ.

Адам болмысының үйі – Тіл. Адамзаттың үйі – кемел келісім. Адастырмас, тура бастар жол – һакім хақиқат. Ғалым Н.Мики-тенко чех тілінде manželka (полая «malžonka», келісім бойынша алынған әйел. Алғы дыбысталуы келесідей болған дейді: malžena, žena – әйел, «malu» – келісім.

Ертеде тайпа, ру басшыларының жат жұрт, бөтен елмен ди-настиялық некелесуі, құдалық келісімі жалпы халықтық кеңесте қаралып бекітілетін. Алғы қазақ «Мал-жан аман ба?» деп аман-дасушы еді. «Мал» – келісім, құқықтық ұғым, заң термині. Көнежоғарғы неміс тілінде «mal» – таңба, мөр, хат. Көне исланд тілінде «mal» халықтық кеңес, сот, сөйлеу.

Байырғы ережелермен қазақтың «тең адам анда, текті ауыл құда» деген заңы үндес. Абай да адамзаттық ата заңға сүйеніп сөйлеген: «Қыз іздесең, қалың бер, Мұным ақыл болмай ма? Көріп алсаң көріктіні, Тандап алсаң тектіні, Сонда да, көңіл толмай ма?» Көбек ханның ортаншы ұлы, бабаларының аруағын әйгілеген бәдізші Саржан да Қыпшақтың текті ауылының қызы, көрікті аруы Айсұлуды ел аралап жүріп, қапияда көріп қалып, қалың малын толық төлеп алыпты.

Жазушы М.Мағауин өзінің бәдізші Саржан мен ару Айсұлу жайындағы ғажап хикаятын «Қош бол, ғажайып Қыпшақ аруы!» деп аяқтайды. Көркем туындысын неден бастап, немен аяқтау автордың өз еркінде болса, хикаятты ақиқатқа айналдыру ғұмыр заңының еркінде.

Р.С. Бүгінгі күні, қаламгер Мұхтар Мағауин мұхиттың арғы бетінен Анадолы жеріне аман-есен оралыпты деген қуанышты хабар жетіп отыр.

Қош келдіңіз, һакім қаламгер Мұхтар Мағауин!

Марат АЗБАНБАЕВ

• ЖАҢА ЖОБА

Гербарий қоры цифрланады

Жаз бойы бір топ ботаник дала кезді. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ғалымдары «Флора мен фауна бойынша деректерді цифрландыру әдістері және биологиялық әртүрліліктің халықаралық платформаларында орналастыру» жобасын қолға алған еді. Сол соны жоба осы маусымнан-ақ жемісін бере бастады. Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Ғылым комитеті қаржыландырылған және айта кетуіміз керек. Арқа даласында өсетін өсімдіктің барлық түрін зерттеп, электронды бағдарламаға түзеді. Биылғы маусымның өзінде өңіріміздің жартысына жуық даласын игеріпті. Университеттің биоғалымдары түптікті өсімдіктердің 400-ден астам түрі жиналғанын, Ұлттық биотехнология орталығына генотиптеу үшін 60 үлгісін жібергенін айтады.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұл ғылыми жобаға бірнеше облыс – Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстаудағы ғалымдар тобы қатысады. Ғалымдар флора мен фаунаны кеңінен зерттеп, флораның тамырлы өсімдіктерінің тізімін құруға ниетті. Жобаның тағы бір жемісті тұсы – гербарий қоры толығымен цифрландырылып, халықаралық платформада орналасады. Осылайша, Арқа топырағындағы өсімдіктермен танысуға әлем зерттеушілері мүмкіндік алады.

Биыл жаз бойы универститеттің ботаниктері факультет профессоры Маргарита Ишмуратованың жетекшілігімен Осакаров, Қарқаралы, Бұқар жырау, Шет және Ақтоғай ауданында экспедициялық зерттеу жүргізді. Қарқаралы және Бұйратау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, Бектаута тауы мен Спасск шоқылары, басқа да орманды алқаптар қамтылды.

Жобаны жүзеге асыруға биология-география факультетінің ғалымдары ғана емес, сонымен қатар, университеттің докторанттары, магистранттары мен студенттері де қатысуда.

– Біз осы маусымда өңірдің

институттың, Барнаулдағы Алтай мемлекеттік университетінің, Оңтүстік Сібір ботаникалық бағының гербарийлерінде болып, тәжірибе жинақтаған.

– Гербарийлерді цифрландыру қарапайым көрінгенімен, оңай жұмыс емес екенін айтады. Гербарийлік парақты сканерлеп немесе суретке түсіріп, бағдарламаға құр енгізе салмайсыз. Электронды жүйеге мәліметтерді енгізеңіз, ғаламдық зерттеушілер Арқа даласының бай өсімдіктері мен жан-жануарларымен таныса ала-



ды. Цифрланған топтамаларымызды халықаралық жүйе – Global Biodiversity Information Facility-ге (GBIF) жүктеледі. Өкінішке қарай, 2,5. млрд. нүкте кездесетін GBIF әлемдік картасында Қазақстан аумағындағы бос орындар көп. Елге тиесілі 400 мыңнан астам нүктеде тек 130 мыңға жуық түптікті



жартысын зерттеп үлгердік. Келесі жылы зерттеуімізді жалғастырамыз. Осыдан кейін Қарағанды облысы өсімдіктерінің түпкілікті тізімі жасалады. Ол монография түрінде жарияланады, барлық деректер университет сайтында, сондай-ақ, халықаралық ғылыми платформаларда орналасады. Осыдан 25-30 жыл бұрын қолымызда компас, күрек, гербария папкасы, анықтамалық кітап, карта секілді керек-жарақ болатын еді. Қазір спутниктік құрал қосылды. Мысалы, шөптің табылған жерін бұрынғыдай өлшеп жүрмейміз. Әлгі құрал арқылы географиялық орнын дәлме-дәл табамыз, – дейді профессор Маргарита Ишмуратова.

Жобаны қолға алмас бұрын ботаниктер жан-жақты зерттеу жүргізген. Ботаниктер Мәскеудегі М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті биология факультетінің, Санкт-Петербургтағы В.Комаров атындағы ботаникалық

өсімдіктер бар, – дейді жоба жетекшілері.

GBIF картасы осы маусымдағы жинақтармен толығыады. Ал, қыста бұрын жиналған қор материалдарын цифрландыру бойынша жұмыстар жалғасады. Осы тұста айта кетуіміз керек, биология-география факультетінің гербарийлерінде өткен ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап жиналған үлгілер сақталған.

«iNaturalist» мобильдік қосымшасы арқылы сіз де үлес қоса аласыз. Өзіңіз қызыққан өсімдіктің, жануардың да фотосуретін сол қосымшаға жүктеп, бөлісуге болады. Сапалы суреттер сарапшылардың анықтауымен GBIF ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Бүгінде мыңнан аса әуесқой жандар үш мыңға жуық өсімдік түрін суретке түсіріп, жүктеген. Фотосуретпен қоса, орны мен күнін көрсетіңіздер, университет ботаниктері өсімдік түрін зерттеп, анықтауға көмектеседі. Балкім, сіз жолдаған өсімдік түрі ғылым үшін жаңалық болуы да әбден мүмкін, – дейді университеттің бір топ ғалымы.

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Ағартушының асыл мұрасы

Қазақ халқының рухани мұрасының мәнін ашу, оны игеруде ақын-жазушылардың ой-пікірлерін зерттеудің маңызы ерекше. Осы орайда, қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы – өзекті.

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің ағартушылық қызметі мен педагогикалық көзқарастары арқылы халықтық идеяны кеңінен насихаттап, оны нақты іске асыру жолына өмірін арнаған. Ғылыми әдістемелік еңбектері арқылы қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаудағы үлесі зор. Ол қазақ тіл білімі саласында өнімді еңбек етіп, 1920 жылы «Баяншы» деген атпен әдістемелік құрал, 1928 жылы «Тіл жұмсар» деген атпен екі бөлімді қолданбалы грамматика шығарды.

Ғалым сөз өңді, ұнамды болуы үшін сөз өнерінің мән-мазмұнына сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, анықтылығы, дәлдігі, көрнектілігі секілді құралдарды қолданады. «Өнер алды – қызыл тіл» дей отырып, сөз өнерінің адам санасында үш түрде негізделетініне, ақылға, қиялға, көңілге байланыстылығына тоқталады.

Ғалымдардың зерттеу еңбектерінде Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы ана тілін ұлттық тәрбие құралына айналдыруда тіл мамандарына әдістемелік көмек екенін орынды атап көрсеткен. Белгілі ғалым Рабиға Сыздықова Ахмет Байтұрсынұлының халықтық идеяны қалай жүзеге асырғанын былайша жүйеленіп көрсетеді: «А.Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі программа қойғанға ұқсайды: ол әуелі қазақша сауат



аштыруды мақсат еткен, бұл үшін әліппе – «Оқу құралды» жазған; одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап, пән ретінде оқытып үйретуді мақсат еткен, бұл үшін үш бөлімнен тұратын «Тіл жұмсарды» жазған; төртінші – сауат аштыру, тілді оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін «Баяншыны» жазған; бесіншіден – балалардың тілін ұстартып, оларды көркемсөзге баулуды көздеген, үлкен хресто-

болған «Қазақ» газеті беттерінде жариялаған мақалаларында айқын көрінеді. Мысалы, 1913 жылы газеттің тұңғыш саны шыққанда ол тілге, әдебиетке, мәдениетке байланысты «Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халіміз онды емес» деген еді. Ұлт ұстазының қозғаған мәсе-

лесі әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – еліміздегі өзекті мәселелердің

бірі. Себебі, мемлекеттік тілді білу қоғам қажеттілігі деп білеміз. Сондықтан, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында әрбір қазақстандық өзінің азаматтық парызын орындауы керек. Оны әр адам өзінен бастағаны жөн.

Қаламқас ҚАЛЫБЕКОВА,
Анар ӘШПРБЕКОВА,
Айнаш БЕКҚҰЛОВА,
Айдана ӘБДІҚАДЫРОВА,
Ә.Сағынов атындағы
Қарту-дың оқытушылары

• КӘСІПКЕРЛІК

Шағын несие – шынайы қолдау

Биылғы жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-ға 6,7 мың өтінім түскен. Оның барлығы кәсіпкерлік бастамаларды іске асыру үшін жастарға берілетін жылдық мөлшерлемесі 2,5%-дық жеңілдетілген микрокредиттер алуға қатысты. Корпорацияда хабарлағандай, биыл жалпы 5 796 микрокредит беру жоспарланған. Қазірдің өзінде 4 502 жоба мақұлданыпты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Микрокредиттің мөлшері 5 млн. теңгеге дейін. Несие кез келген мақсат үшін бес жылға, мал

шаруашылығы саласындағы жобалар үшін жеті жылға беріледі. Бүгінгі таңда конкурстық комиссия шешімімен 4 502 жоба мақұлданды, оның ішінде 3 914 жобаны іске асыруға кредит берілді. Кредит алушылардың басым

көпшілігі мал шаруашылығы, қызмет көрсету, сауда, өсімдік шаруашылығы және жеңіл өнеркәсіп саласын қамтыды. Мұндай көмек 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастарға өз кәсібін ашуға немесе оны кеңейтуге беріледі. Оны

алушы бес жылдан аспайтын мерзіммен жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі керек.

Микрокредит алуға түскен өтінімдердің саны бойынша Қарағанды облысы алдыңғы қатарда. Аймақ жастарынан 426 өтінім түсіпті. Ең көбі Түркістан – 910, Жамбыл – 651, Қызылорда – 565, Батыс Қазақстан – 437 облыстары мен Шымкент қаласының жастарынан 409 өтінім түсіпті.

• БОРЫШ

Ерлігі еленсе екен...

Көктем емес, жерден табылған періште. Шет ауданының Еламан Одесхан есімді тұрғыны күздің кара суығында суға батып бара жатқан адамды құтқарып қалды. Батырдың ерлігі ұялы телефонға жазылып, әлеуметтік желіге тарап кетті. Халық Еламанды марапатқа лайық дейді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жағдай күндіз орын алған. 30 жастағы Еламан су қоймасының маңында тұлпарын бәйгеге жаратып жүріпті. Бір сәтте суға батып бара жатқан адамдардың жанайқайын естіген. Көп ойланбай мұздай суға сүнгіп кеткен. Суда екі адам болыпты. Біреуіне жеткенше, екіншісі су бетінен көрінбей қалған. Өкінішке қарай, екіншісі қаза тапты. Ал, біріншісін жағаға алып шығып, бірден бірінші медициналық көмек көрсеткен. Суға батқан марқұм 27 жастағы Қызылорда қаласының тұрғыны екен. Мәйітін құтқарушылар біраз уақыттан кейін тапты. Еламан алып шыққан жігіт Түркістан облысының тумасы. Жасы отызда. Олар Батық ауылына демалуға



келіпті. Қайықпен балық аулауға шыққан. Бірақ, қайықтары төн-керілген. Суық судан буындары дірдектеп, жүзуге шамалары жет-

пей қалған. Жағалаудан шамамен 50 метр алыстаған екен.

Суық судан бұлшық еті тартылып қалуы мүмкін еді. Бірақ, «Адам өмірін сақтап қалу үшін

алғашқы көмек көрсеттім. Кей-десін бастым, қырымен жатқыздым. Шамалы есін жиганнан кейін «Райым қайда?» деп айқайлай бастады. Сабырға шақырып, Раймның батып кеткенін айттым. Амал қанша, екінші адамды құтқара алмадым. Үлгермедім. Оның да өмірін сақтап қалғым келді. Бірақ, біріншісін жағаға алып шығу үшін біраз уақыт кетті. Денем жаурап, жылдам жүзуге мұрша болмады, – деді Еламан Одесхан.

Еламанның қасында ұялы телефонға түсіріп тұрған адамдар егде жаста екен. Олар суға сүнгі алмаған. Бірақ, жанталасып құтқарушыларға хабарласып, өзгелерді көмекке шақырған.

Еламан – атбегі, көкпаршы. Батық ауылының тұрғыны. Болған оқиғадан кейін бүйрегі мен аркасы ауырсынған екен. Бірақ, бірер күн ем қабылдағаннан кейін оңалған.

Ауылдастары бейбіт күннің батыры марапатқа лайық деп отыр. «Өзгеге үлгі боларлық ерлігі еленсе», – дейді.

Шет ауданы

Тұрсынбай Серізбайұлы КӘКІМЖАНОВ

«Bolashaq» академиясының басшылығы және профессорлық-оқытушы құрамы академияның байырғы профессоры, ІІМ-нің ардагері, отставкадағы полиция полковнигі, құрметті қария, жарты ғасырдан астам ғұмырын ұстаздық қызметке арнаған Тұрсынбай Серізбайұлы Кәкімжановтың қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

1939 жылы 20 қантарда Қостанай облысының қасиетті Торғай даласында дүниеге келген Тұрсынбай Серізбайұлы Кәкімжанов мәнді ғұмыр кешті. Өмірінің көп бөлігін мемлекеттік қызметте еңбек етуге арнады. Свердлов қаласындағы ІІМ-нің әскери училищесін (1961 ж.), КСРО ІІМ Мәскеу жоғары мектебін (1970 ж.) үздік бітірді. Қатардағы оқытушыдан аға оқытушы, ғылыми бөлім басшысы лауазымына дейін көтеріліп, ұстаздық әрі ғылыми ортаға аты танымал болды. Қылмыстық құқық саласында шөкірттер кәдесіне жараған көптеген оқу, оқу-әдістемелік құралдарының авторы атанды.

Өзінің қызметіне аса жауапкершілікпен қарайтын, әділетті жақтаушы азамат қана емес, адал жар, асқар әке, абыз ата сынды қасиетті атаудың қай-қайсысына да лайық жан бола білді. Қай қызметте жүрсе де елдің ықыласына бөленіп, адамға, жерге қызмет етудің ерен үлгісін көрсетіп өтті. Алтын көріп азбайтын, күміс көріп қызбайтын адам үлгісі сондай-ақ болар. Әр мәселені саралағанда, жүрекпен қабылдап, барынша әділ шешуге ұмтылатын, айналасына шуақ шашатын аппақ, алып жүрек тоқтады.

«Bolashaq» академиясының ұжымы
№556

• ӨНДІРІС

Мыс зауыты салынады

Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков «Сurgum Energy» ЖШС-нің директоры Мағад Еркенді қабылдады. Аудан басшысы арадағы келісім арқылы инвестиция тарту және жұмыс орындарын құру мәселесін шеше алатын боламыз деп атап өтті. Өндіріс ошағы аз уақыт ішінде аймақ экономикасын әртараптандырып, өңдеу саласы мен металлургияны қолға алу, өңір экономикасын дамытудың басты жолы болмақ.



Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында компания директоры аудан аумағында орналасқан «Қасқырқазған» кен орнына геологиялық барлау жұмыстарының толық аяқталғандығын мәлімдеді.

Мыс қоры анықталып, жылына 5000 тонна мыс өндіретін зауыт құрылысын бастауға рұқсат сұрады. Және құрылыс салатын жер құжаттарын рәсімдеуге әзір екендігін жеткізді.

Компания өкілінің айтуынша,

«Қасқырқазған» игерілмеген ең ірі мыс кен орыны санатына жатады. Зауыт құрылысы екі жыл көлемінде аяқталады. 300-ге тарта жаңа жұмыс орындары құрылады деп жоспарлануда.

Аудан әкімі Руслан Кенжебеков инвесторлардың жобасын жан-жақты қолдайтынын, жұмысқа ешқандай кедергі болмайтынын жеткізді. Сонымен қатар, осы салаға жауапты әкім орынбасарына, тиісті бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Ақтоғай ауданы

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің аға тілшісі, әріптесіміз Жансая Амантайдың аяулы әжесі

Зейнегүл Қарімқызы АҚЫЛБЕКОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Шахтерское ауылында тұрған Владимир Васильевич Козьминді 05.02.1961 ж.т., қайтыс болды деп жариялау туралы 02.10.2023 ж. Қарағанды облысының Нұра аудандық соты Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Егінді ауылы, Уәлиханов көшесі, 7/1 мекенжайында тұратын Алексей Васильевич Козьминнің өтініші бойынша іс қозғады.

Владимир Васильевич Козьминнің тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдарды бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзімде сотқа хабарлауды сұраймыз.

№555

После смерти Сарсенбекова Куншуак Жумабековича умершего 10.08.2023 года открыто наследственное дело, всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Смагулову Жангиру Тавигатовичу по адресу мкр-н Восток-1, дом 3. тел.: 8-702-302-33-70

№554



Электрондық
пошта:
**ortalyk.kaz@
mail.ru**

Қарағанды
Шинсервис
ШИНАЛАР

- жеңіл автокөліктері үшін
- жеңіл жүзектіктері үшін
- тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
- арнайы техникалар үшін

Арнайы дилер
«Алтайский шинный комбинат» ААҚ
«Росава» ЖАҚ
«Матадор» ЖАҚ

БІЗ АРҒАН ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
БІЗ АРҒАНДЫ БАҒАЛА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ., қойма: Асфальтная көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8(7212) 97 20 27; 8 707 80 35 800



Қоржынымыз кампайып келеді



Арқаның саңлағы жарады. Ханчжоудағы Азия ойындарында Қазақстан қоржынына кезекті күміс медальді қарағандылық гимнаст Данил Мұсабаев салды. Спортшы батуттық гимнастикада жекелей сында күміс медаль жеңіп алды. Ол 57.270 ұпай жинады. Бірінші орынды қытайлық Ян Лангю (59.850), үшінші орынды Жапониядан келген Хирото Ямада (57.100) иеленді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық құраманың капитаны Асланбек Шымбергенов қоланы місе тұтты. Былғары қолғап шебері 71 келіге дейін салмақта 2021 жылғы Әлем чемпионы, жапониялық Севон Окадзавамен жұлдырықтасты. Төрешілер жеңісті қарсыласқа берді. Севон Окадзава – өте жылдам қимылдайтын, қаша жүріп ұрысатын боксшы. Соған қарамастан, бірінші раундта бес төрешінің үшеуі Асланбек басым деп тапты. Екінші кезеңде де солай болды. Алайда, төрешілер жекпе-жек қорытындысында жеңісті жапониялық боксшыға беріп жіберді. Есеп – 2:3. Қазақстан бокс федерациясының президенті Кеңес Рақышев Асланбек Шымбергеновке өз атынан автокөлік сыйлайтынын айтты. Бұл туралы Кеңес Рақышев өзінің Facebook парақшасында жазды.

– Барша қазақстандық жанкүйерлермен бірге мен Асланбек Шымбергеновке қолдау көрсетемін. Елге оралған соң Асланбекке өз

атымнан автокөлік сыйлаймын. Асланбек Шымбергенов – қазақтың нағыз батыры! – деп жазды ол.

Қамшыбек Қоңқабаев жартылай финалда үнді боксшысы Нарендерменді тізе бүктірген. Финалда өзінің ежелгі қарсыласы, ауыр салмақта атой салып жүрген өзбекстандық Баходир Жалоловқа тағы да есе жіберді. Ұзын бойлы Баходирдан айласын асыра алмады. Қанжығада – күміс.

Велосабандоз Алексей Луценко алтын иеленді. Ол шосседегі веложарыста ұзындығы 39,6 шақырым қашықтықта 48:05.75 нәтижесімен мәреге бірінші келді. Қытайлық Сю Мин екінші, гонконгтық Винсент Лау үшінші орынға ие болды. Осылайша, Алексей Луценко Азия ойындарының үш дүркін чемпионы атанды. Велоспортшы Рината Сұлтанова да жанкүйерлерді қуантты. Спортшымыз 18,3 шақырымдық жекелей жарыста қоланы алды. Бұл – жүлде әйелдер арасындағы ұлттық велоспорт тарихындағы екінші жүлде. 2006 жылғы ойындарда

Зульфия Забирова осындай жарыста күміс тағынған еді.

Байдаркада және каноэде ескек есуден жұптық сайыста Маргарита Торлопова мен Ульяна Киселева күміс жүлде алды. Спортшылар 200 метр қашықтықты 46 секундта бағындырды. Ағайынды Сергей және Тимофей Емельяновтар да күмісті місе тұтты. Байдаркада және каноэде ескек есуден жұптық жарыстың МС2 1000 метрлік бағдарламасында өнер көрсеткен отандастарымыз 3:49 уақыт көрсеткішімен мәреге жетті. Мария Бровкова да байдаркада және каноэде есуден жекелей жарыстың WС1 200 метрлік бағдарламасында үшінші келді.

Надежда Дубовицкая биіктікке секіру бәсекесінде 1.86 метрді енсерді. Алтын мен күміс Өзбекстан құрамасының еншісінде. Сафина Садуллаева карьерасындағы ең айтулы жүлдеге қол жеткізсе, қазіргі Азия ойындары рекордының иесі (1.96 метр), 36 жастағы Светлана Радзивил екінші орыннан көрінді. Ұлттық құраманың тағы бір атлеті Кристина Овчинникова финалда 1.83 метр көрсеткішімен төртінші орында қалды.

Тағы бір қола медаль Каролин Кипкируи Чепкочек бұйырды. Ол бес мың метрге жүгірді. Бұған дейін ол 10 мың метрлік қашықтықта да үздік үштікке іліккен еді. Сонымен қатар, жеңіл атлетикадан Қазақстан ерлер құрамасы 4×400 метрлік эстафетада қола медальді еншіледі.

WKF қарағандық Ұлттық құрама спортшысы Лаура Әлікул Азия ойындарының актық мәресінде. Отандасымыз 68 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп жатыр. Жартылай финалдық бәсекеде екі дүркін Азия чемпионы атанған Индонезияның үміті Сейко Джорджия Зефаньяны 5-1 есебімен жеңді.

Грек-рим күресінен 67 келіге дейінгі салмақта белдескен Мейіржан Шермағанбет финалға шығып, күміс жүлде жеңіп алды.


Слаломды есуден сынға түскен Александр Куликов пен Екатерина Таранцева қола жүлдеге қол жеткізді. Слаломды есуден ерлер арасында бақ сынаған отандасымыз Александр Куликов межелі қашықтықты 97 минут 04 секундта бағындырып, мәре сызығын үшінші болып кесті. Екінші болып, Өзбекстан өкілі келсе, мәре сызығын бірінші болып Қытай спортшысы кесті. Ал, әйелдер арасында өнер көрсеткен Екатерина Таранцева да мәреге үшінші болып жетті. Ол қашықтықты 111 минут 71 секундта бағындырды. Бұл бәсекеде Тайбэй спортшысы бірінші. Ал, екінші болып мәре сызығын қытайлық спортшы кесті.

Қазақстандық джитсерші Галина Дуванова 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күміс иеленді. Ол Азия ойындарының үш дүркін чемпионы филиппиндік Энни Рамирестен ұтылды.

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Жетісудан бұйырған қос жүлде

«Арқа өнерінің Аксарайы» атанған Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театры кезекті жүлдеге ие болды. Жер жәннаты Жетісу жерінде өткен Қазақстанның Халық артисі Бикен Римованың 100 жылдығына арналған «BIKEN» І халықаралық театр фестиваліне «Атау кере» драмасымен қатысып, «Үздік режиссура» жүлдесін жеңіп алды.



ӘНЕЛІ САҒЫНДЫҚОВА

ЕҢ ҮЗДІК ШЕБЕРЛІГІ ҮШІН
«ШОЛПАННЫҢ ІЗБАСАРЫ» ЖҮЛДЕСІ

saken_theatry

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Суреткер жазушы Оралхан Бөкейдің «Атау кере» терең ойлы, күрделі шығармасының инсценировкасын жасап, сахналаған режиссер – Сәкен театрының көркемдік жетекшісі Айдын Салбан. Бұл Айдын Абзалбекұлының кейінгі бірер жыл мұғдарында түрлі байқауларда алған «Үздік режиссура» аталымындағы үшінші жүлдесі екенін атап өткен жөн.

– Мақсат жүлде алу емес. Елдің рухын көтеру, санасына сәуле түсіру, ой салу. Ал, еңбегін бағаланып жатса, әрине, құба-құп. Демек, елдің жүрегіне жол таптың деген сөз. Марапат ынталандырады. Енді, бір орында тоқтап қалмай, адамның жанын

зерттеу керек. Әлі Сәкен театрының талайтын жаңалығына куә боласыздар, – дейді Айдын Абзалбекұлы.

Бұдан бөлек, Талдықорғандағы халықаралық театр фестивалінде «Атау кере» қойылымындағы Айна рөлін шебер сомдаған театрдың жас актрисасы Әнелі Сағындықова аңыз актриса Шолпан Жандарбекованың шәкірттері тағайындаған «Шолпанның ізбасары» арнайы сыйлығымен марапатталды.

Аталған халықаралық театр фестиваліне еліміздің іргелі театрларымен қатар, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан елдерінен театр майталмандары қатысқанын да айта кету керек.

Жерлестерімізді құттықтап, толағай шығармашылық табыс тілейміз!

• БӘРЕКЕЛДІ!

Дидардың дүбірлі жеңісі

Қарадан шығып, хан атанған Сұлтан Бейбарыстың туғанына – 800 жыл толуына орай, Атырау қаласында «Ерлігі ерен ер бабам» тақырыбында республикалық ақындар айтысы өтті. Оған аузымен құс тістеген небір дүлдүлдер қатысып, жыр қазанын қайнатты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақтың айтулы перзенті, «Айыстың ақтангері» атанған ақын, термеші, жыршы-жырау Дидар Ками оза шауып, шашасына шаң жұқтырмады. Алдына қара салмай, дүбірлі айтыстың Бас жүлдесін жеңіп алды.

Дидар – болмысы бөлек, терең ақын. Оның батырлар жырын таңды-таңға ұрып, жатқа айтатынын ел біледі. Ұлағатты ұстаз, тәрбиелеген шәкірттері де талай аламанның көрігін қыздырып жүр. Салмақты сөзі мен түйдек-түйдек суырып салып айтуы ел көңілінен шығып, бәйгенің алдынан көрінгені – кеншілер өлкесінің ортақ абыройы.

Арқаға жеңіспен оралған Дидар ақын арнайы ұйымдастырылған баспасөз мәслихатына келіп, журналистердің сұрағына жауап берді. Шығармашылық сырларымен бөлісті.

Жанқұтты бидің сарқытындай болған Дидар ақынды жеңісімен құттықтап, алар асуының көп болуын тілейміз!

• БАЙҚАУ

Ұлт рухы ұлықталған кеш

Абай атындағы облыстық балалар кітапханасында алғаш рет «Қобыланды батыр» эпосынан үзіндіні мәнерлеп оқу бойынша қалалық байқау өтті. Байқау облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Екі кезеңде өткен білім сайысына қатысуға ниет білдіргендер көп болды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен, үміткерлер «Қобыланды батыр» жыры бойынша дайындалған 30 сұраққа жауап берді. Ең кемі 20 сұраққа дұрыс жауап берген үміткерлер екінші кезеңге жіберілді. Осылайша, алғырлық танытқан 16 қатысушы екінші кезеңде бағын сынады. Олар жырдың кез келген жерінен 200 жолын жаттап, мүдірмей жатқа оқуы керек еді. Қазылар алқасы олардың жатқа оқу мәнеріне, сахналық мәдениетіне, сөздерді дұрыс айтуына баса назар аударды. Жырдың мазмұны мен кейіпкерлері, зерттелуі жөнінен сұрақтар қойып, қатысушылардың білімін тексерді.

Байқауға филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиеттанушы Ж.Жарылғап, ҚазТұтынуодағы Қарағанды университетінің қазақ тілі және Қазақстан мәдениеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты М.Тапашев, Н.Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі А.Есенжолова қазылық етті.

– Бірінші рет өткізіліп отырғандықтан, балалардың ұсақ-түйек кемшілігіне көз жұма қарадық. Қазақтың тол сөздерін қате айту, ескінді дұрыс қоймау, өзі жатқа оқып тұрған «Қобыланды батыр» жыры-



ның мазмұнын толық білмеу, кейіпкерлерді шатастыру сынды кемшіліктер болды. Ол – заңдылық. Балаға осындай қиын жырды жаттату оңай емес, ойткені. Бірақ, олардың кітап оқуға деген ынтасы қу-

еді, – дейді қазылар алқасының мүшесі М.Тапашев.

Сайыс қорытындысында, арнайы сыйлықтарға бес қатысушы лайық деп танылды. «Орындаушының шынайы-

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сыйсөбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.k.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJ8KZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 112 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор ЕРҚАНАТ КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**

Директордың орынбасары –

«Индустриальная Караганда»

газетінің бас редакторы –

О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары –

Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактор –

Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары –

Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы –

І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы –

Ж.Қ. ШАЛҚАР